



**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖУРНАЛЫ**  
**КАЗАХСТАНСКИЙ ЖУРНАЛ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА**  
**KAZAKHSTAN JOURNAL OF INTERNATIONAL LAW**

Научно-теоретический и информационно-практический журнал

**№3-4**  
**(68-69)**

*Журнал издается с 03.02.2000г., выходит ежеквартально.*

*Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации, выданное  
Министерством культуры и информации Республики Казахстан  
№ 15701-Ж от 24 ноября 2015 г.  
(свидетельство первичной постановки на учет № 1073-Ж, 03.02.2000г.)*

**Редакционный совет:**

*Председатель – доктор юридических наук, профессор **Жалаири О.Ш.** (Алматы)*

**Члены Редакционного совета:**

*доктор юридических наук, профессор **Айтхожин К.К.**; доктор юридических наук,  
профессор **Сарсембаев М.А.** (Астана); доктор юридических наук, профессор  
**Мауленов К.С.**; (Алматы); доктор юридических наук, профессор **Мацкевич И.М.**  
(Москва); доктор юридических наук, профессор **Шумилов В.М.** (Москва)*

**Редакционная коллегия:**

*Главный редактор – доктор юридических наук **Алибаева Г.А.***

**Члены Редакционной коллегии:**

*доктор юридических наук, доцент **Сабитова А.А.**; кандидат юридических наук  
**Толкумбекова Н.О.**; кандидат юридических наук **Кудайбергенов М.Б.**, кандидат  
юридических наук, доцент **Әбділда Д.Ә.***

**СОБСТВЕННИК:**

*Учреждение «Евразийская юридическая академия им.Д.А.Кунаева»  
(город Алматы)*

**Адрес редакции:**

*Республика Казахстан, г.Алматы, ул. Курмангазы, 107  
Телефон: 8 (727) 292-98-77, 350-78-88*

*e-mail: [наука\\_kunaev@mail.ru](mailto:наука_kunaev@mail.ru)*



## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Әбділда Д.Ә.</b> Сравнительный анализ привилегий и иммунитетов дипломатических представительств и международных организаций	4
<b>Наурызбаева Р.К., Тагаев А.У.</b> Сыбайлас жемқорлық ұғымының эволюциясы	9
<b>Тарап Ж.Д.</b> Құқықтық сана және мәдениеттің құқықтық идеология мен арақатынасы	13
<b>Шаболотов Т.Т., Иманқұлова Г.И.</b> Проблемы оптимизации деятельности исполнительной власти в Кыргызской Республике в XXI веке	17
<b>Юсупов У.Ж., Рахимбаев Э.Н.</b> Правовые основы эффективного использования водных ресурсов в Кыргызской Республике	24

### Трибуна Молодого Ученого

<b>Алтынбаев Е.Т.</b> Шетелдегі және қазақ жеріндегі конфедерациялардың құқықтық сипаты	31
<b>Аппасова Э.</b> Экономикалық контрабанданың криминалогиялық ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық мәні	34
<b>Арықбаева А.Б.</b> Вопросы имплементации международных актов о торговле людьми в казахстанское уголовное законодательство	41
<b>Асанова А.А.</b> Заң үстемдігі қағидасының мемлекеттік билікті бөлудегі қызметі	45
<b>Ахмет А.А.</b> Понятие реализации международно-правовых норм	49
<b>Дүйсен Ж.Ә.</b> Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдаланудың қылмыстық - құқықтық сипаттамасы	52
<b>Мусаева А.Ж.</b> Пенитенциарлық қауіпсіздіктің ұғымы, оның мазмұны	58

## СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПРИВИЛЕГИЙ И ИММУНИТЕТОВ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

На современном этапе правопонимания многие принципиальные подходы к реализации дипломатических иммунитетов и привилегий (время принятия основных международных правовых актов в области иммунитетов и привилегий равняется полувековой давности) уже потеряли былую актуальность, и, наоборот, возникли новые тенденции развития и совершенствования института иммунитетов и привилегий. Особенно остро встает данная проблема в связи с бурным процессом реформирования отечественной системы права, повышением роли международного сотрудничества Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** Дипломатия, привилегии, иммунитеты, суверенитет, интеграция, СНГ, международные организации, ШОС, конвенция.

Провозглашение государственного суверенитета в 1990 г. и независимости в 1991 г. Республики Казахстан явилось великой вехой новейшей истории нашей страны. «Демократические преобразования активизировали процесс переосмысления казахским народом своего исторического прошлого, переоценки духовных, культурных ценностей» [1, с.14] 27-летний срок независимости Республики Казахстан показал, что наша страна добилась больших успехов в своем развитии и получила признание более 180-стран мира, вступила в основные международные организации, окончательно оформили свои сухопутные государственные границы, выступили локомотивом интеграционных процессов на евразийском пространстве.

Государство запустило процесс регулярного проведения лидеров съезда мировых и традиционных религий, вступило в ВТО, эффективно посредничало в разрешении конфликтных ситуаций, инициировало принятие Генеральной Ассамблеи ООН Всеобщей декларации построения мира, свободного от ядерного оружия, обрело непостоянное членство в СБ ООН на 2017-2018 годы.

Казахстан стал первым государством среди стран СНГ и Центральной Азии, который был выбран мировым сообществом для проведения международной выставки «ЭКСПО 2017» - сказал Президент РК Н.Назарбаев в Ежегодном Послании народу Казахстана 5-го октября 2018 года [2].

В связи с этим основным направлением настоящей статьи является выявление требующих пристального внимания законодателя вопросов сравнительного анализа привилегий и иммунитетов дипломатических представительств и международных организаций.

Исторически распространен неверный стереотип, что международно-правовые привилегии и иммунитеты предоставляются лишь загранучреждениям внешнеполитических органов (органов внешних сношений) каких-либо определенных государств (иногда, государственноподобных образований) и их сотрудникам, то есть, что в международном праве существуют исключительно привилегии и иммунитеты дипломатических и/или консульских представительств, которые регулируются его такими отраслями, как дипломатическое и консульское право.

Однако XX век ознаменовался бурным ростом числа международных организаций, охватывающих практически все направления военно-политической, социально-экономической и иной деятельности государств. Постоянно возрастает роль международных организаций и их влияние на развитие современных международных отношений.

Одним из важнейших атрибутов правосубъектности международных организаций, на наш взгляд, является их право, наряду с правом их должностных лиц, обладать определенными привилегиями и иммунитетами. Данная категория привилегий и иммунитетов появилась не сразу, а складывалась постепенно, по мере появления и развития самих организаций.

Основной причиной предоставления определенного перечня привилегий и иммунитетов дипломатическим представительствам является необходимость гарантирования им свободы действий, что служит обязательным условием их беспрепятственного функционирования. Этот фактор характерен и для международных организаций, которым необходимы соответствующие привилегии и иммунитеты для реализации поставленных перед ними задач.

Привилегии и иммунитеты международным организациям впервые были предоставлены в практике Организации Объединенных Наций, которая 13 февраля 1946 года приняла *Конвенцию о привилегиях и иммунитетах ООН* [3], которая наделила её статусом, близким к статусу дипломатических представительств.

Каждая международная организация, в силу того, что она обязана выступать в интересах и обслуживать потребности всех государств-членов, должна быть независимой - прежде всего от государства, на территории которого она функционирует или на территории которого расположена ее штаб-квартира. Для обеспечения такой независимости между таким государством и организацией обычно заключается соглашение, предоставляющее последней привилегии и иммунитеты и гарантирующее её независимость от этого государства. Примером тому выступает Соглашение между Организацией Объединенных Наций и Правительством Соединенных Штатов Америки относительно месторасположения Центральных учреждений Объединенных Наций 1947 года [4]. Особого внимания требуют источники международного права, в соответствии с которыми предоставляются привилегии и иммунитеты дипломатическим представительствам государств и международным организациям.

Основным многосторонним соглашением, закрепившим нормы о привилегиях и иммунитетах дипломатических представительств, является *Венская конвенция о дипломатических сношениях 1961 года (ВКДС)* [5]. Кроме того, согласно пункту 2 статьи 47 данного документа, государства могут заключать (двусторонние) соглашения о предоставлении более благоприятного режима чем тот, который требуется положениями ВКДС.

Кроме того, консульские отделы зарубежных дипломатических представительств государств функционируют в соответствии с *Венской конвенцией о консульских сношениях 1963 года (ВККС)* [6].

Что касается права международных организаций, обращает внимание отсутствие единого унифицированного источника, определяющего объем предоставляемых привилегий и иммунитетов. В ряде случаев такой объем определяется многосторонним документом. В качестве примера можно привести упомянутую *Конвенцию о привилегиях и иммунитетах ООН* [3], которая стала основой для соответствующих конвенций других международных организаций, или *Соглашение о привилегиях и*

*иммунитетах Международного агентства по атомной энергии* [7]. Причем первый документ применим ко всем специализированным учреждениям системы ООН с учетом некоторых изменений, предусмотренных в особых приложениях, которые разрабатываются этими учреждениями с целью отражения специфики их деятельности.

В других случаях объем привилегий и иммунитетов международных организаций определяется национальным законодательством, например в 1997 году был подписан Указ Президента Республики Беларусь «Об обеспечении необходимых условий для деятельности Исполнительного Секретариата Содружества Независимых Государств на территории Республики Беларусь» [8].

В целом, право на привилегии и иммунитеты закрепляется в учредительном акте (уставе) каждой организации. Например, право на привилегии и иммунитеты *Шанхайской организации сотрудничества* закреплено статьей 19 Хартии ШОС [9].

При предоставлении привилегий и иммунитетов дипломатическим представительствам, использование права на привилегии можно контролировать. Это связано с тем, что количество сторон, пользующихся ими, ограничено. Контроль в данном процессе принадлежит правительствам, и, ввиду того, что привилегии зачастую основываются на принципе взаимности, правительства могут пресекать злоупотребления, а, в крайнем случае, и ограничить действие привилегий.

Что же касается международных организаций, то они не обладают суверенитетом. Предоставляемые привилегии и иммунитеты не требуют взаимности, а число пользующихся такими привилегиями и иммунитетами сторон уменьшает возможность жесткого контроля. Источник их привилегий и иммунитетов отличается от источника привилегий и иммунитетов, предоставляемых дипломатическим представительствам. Если правительства стран-членов желают, чтобы организация пользовалась определенными привилегиями и иммунитетами для беспрепятственного выполнения поставленных перед ней задач, им необходимо достигнуть четкой договоренности по этому вопросу, зафиксированной либо в уставе организации, либо в особом соглашении или другом документе. Упомянутые преимущества могут предоставляться лишь на территории государств-членов, причем речь идет только об определенных преимуществах.

В соответствии с Венской конвенцией о дипломатических сношениях 1961 года к основным иммунитетам дипломатических представительств относятся неприкосновенность помещений представительства, предметов их обстановки и другого находящегося в них имущества, архивов и документов, а также средств передвижения представительства. Неприкосновенна официальная корреспонденция представительства, под которой понимается вся корреспонденция, относящаяся к представительству и его функциям. Кроме того, помещениям представительств предоставляется так называемый фискальный иммунитет, то есть освобождение от всех государственных, районных и муниципальных налогов, сборов и пошлин за исключением платы за конкретные виды обслуживания. Вознаграждения и сборы, взимаемые представительством при выполнении своих официальных обязанностей, также освобождаются от всех налогов, сборов и пошлин. Согласно пункту 2 статьи 22 Венской конвенции о дипломатических сношениях на государстве пребывания лежит специальная обязанность принимать все надлежащие меры для защиты помещений представительства от всякого вторжения или нанесения ущерба и для предотвращения всякого нарушения спокойствия представительства или оскорбления его достоинства [5].

К основным привилегиям дипломатических представительств можно отнести право пользоваться флагом и эмблемой своего государства на помещениях представительства, включая резиденцию главы представительства, а также на его средствах передвижения, таможенные привилегии, свобода сношений для всех официальных целей с правительством и другими представительствами и консульствами своего государства, где бы они ни находились.

Привилегии и иммунитеты, необходимые международным организациям, должны определяться для каждой организации отдельно, и в этой связи возникает большое количество теоретических и практических трудностей.

В первую очередь необходимо различать общие привилегии и иммунитеты, предоставляемые данной организации всеми ее государствами-членами, и привилегии и иммунитеты, которые специально предоставляются административным службам организации (секретариату, исполнительному комитету) государством, на чьей территории располагается штаб-квартира организации либо учреждается ее представительство. Первые обычно зафиксированы в уставе, вторые часто являются предметом так называемого соглашения о штаб-квартире, которое заключается между администрацией организации и правительством того государства, на территории которого организация разместила свои учреждения.

Например, пунктом 1 статьи 105 Устава ООН закреплено, что Организация Объединенных Наций пользуется на территории каждого из своих членом такими привилегиями и иммунитетами, которые необходимы для достижения ее целей [10, с.445]. Созвучна с ней и статья 19 *Хартии Шанхайской организации сотрудничества*: «ШОС и ее должностные лица пользуются на территории всех государств-членов привилегиями и иммунитетами, которые необходимы для выполнения функций и достижения целей Организации» [9]. Иными словами это означает, что привилегии и иммунитеты международных организаций и их должностных лиц являются функциональными, то есть должностные лица должны иметь возможность действовать совершенно свободно и независимо, - с тем, чтобы организация, к которой они принадлежат, могла функционировать постоянно и эффективно.

Практически во всех международных документах, где оговариваются привилегии и иммунитеты международных организаций, имеется строгое указание, что государство пребывания должно принимать все надлежащие меры для защиты помещений международной организации от всякого вторжения, нанесения ущерба или незаконного проникновения, что (по аналогии) соответствует пункту 2 статьи 22 Венской конвенции о дипломатических сношениях [5].

Во исполнение статьи 105 Устава ООН привилегии и иммунитеты этой международной организации детализированы в Конвенции о привилегиях и иммунитетах Объединенный Наций 1946 г. [10]. В соответствии с ней Организация обладает практически такими же привилегиями и иммунитетами, как и дипломатические представительства, но с некоторой спецификой. Так, постоянно подчеркивается, что помещения, имущество, актив и архивы где бы и в чьем бы распоряжении они ни находились, неприкосновенны, не подлежат обыску, реквизиции, конфискации, экспроприации и какой-либо другой форме вмешательства. При этом обращает на себя внимание, что в данной конвенции ни разу не упоминается неприкосновенность транспортных средств или средств передвижения ООН в отличие от Венской конвенции о дипломатических сношения 1961 года, где пунктом 3 статьи 22 прямо указано, что средства передвижения представительства пользуются иммунитетом от обыска, реквизиции, ареста и исполнительных действий [5].

Проведенный сравнительный анализ дает возможность сделать ряд общих выводов по данному вопросу.

Во-первых, общей причиной предоставления привилегий и иммунитетов для дипломатических представительств и для международных организаций является необходимость обеспечения гарантии свободы действий для их беспрепятственного функционирования и реализации поставленных перед ними задач.

Во-вторых, для дипломатических представительств и для международных организаций при определении их привилегий и иммунитетов важную роль играет национальное законодательство страны пребывания.

В-третьих, привилегии и иммунитеты дипломатических представительств определены унифицированным многосторонним соглашением, в то время как в праве международных организаций подобного единого документа нет, однако объем их привилегий и иммунитетов в ряде случаев определяется именно многосторонними документами.

В-четвертых, большую роль для дипломатических представительств и для международных организаций играет наличие соответствующих двусторонних соглашений между государствами-участниками либо между международными организациями и государствами участниками.

В-пятых, при предоставлении привилегий и иммунитетов дипломатическим представительством, использование права на привилегии можно контролировать, число же пользующихся привилегиями и иммунитетами сторон международных организаций уменьшает возможность жесткого контроля.

Детальное изучение и сравнение привилегий и иммунитетов, предоставляемых дипломатическим представительством и международным организациям выявляет большое количество как сходных положений, так и различий.

#### **Список литературы:**

1.Сартаев С.С., Абдукаримова З.Т. Воплощение в жизнь национальной идеей о государственной независимости Республики Казахстан.// Материалы международной научно-теоретической конференции. КИПМО. А.: 2002 г.-С.14

2.Послание Президента РК народу Казахстана на 2019 год.[http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie).

3.Конвенция о привилегиях и иммунитетах Организации Объединенных Наций от 13 февраля 1946 г. // Действующее международное право. В 3-х т. Сост. Ю.М. Колосов, Э.С. Кривчикова. М.: 1996. Т.1. -с. 615–620.

4. Соглашение между Организацией Объединенных Наций и Правительством Соединенных Штатов Америки относительно месторасположения Центральных учреждений Объединенных Наций 1947 года. // Действующее международное право. В 3-х т. Сост. Ю.М. Колосов, Э.С. Кривчикова. М.: 1996. Т.1. -с. 675–688.

5.Венская конвенция о дипломатических сношениях от 18.04.1961 года // Действующее международное право. В 3-х т. Сост. Ю.М. Колосов, Э.С. Кривчикова. М. 1996. Т.1. - с. 510–528.

6.Венская конвенция о консульских сношениях от 24.04.1963 года. // Действующее международное право. В 3-х т. Сост. Ю.М. Колосов, Э.С. Кривчикова. М. 1996. Т.1. - с. 528-562.

7.Соглашение о привилегиях и иммунитетах Международного агентства по атомной энергии 1959 года. // Действующее международное право. В 3-х т. Сост. Ю.М. Колосов, Э.С. Кривчикова. М.: 1997. Т.3. -с. 488–496.



8. Указ Президента Республики Беларусь от 4 февраля 1997 г. «Об обеспечении необходимых условий для деятельности Исполнительного Секретариата Содружества Независимых Государств на территории Республики Беларусь»  
<http://www.lawbelarus.com/>

9. Хартия Шанхайской организации сотрудничества // <http://www.sectSCO.org>

10. Устав Организации Объединенных Наций. // Действующее международное право. В 3-х т. Сост. Ю.М. Колосов, Э.С. Кривчикова. М. 1996. Т.1. - с. 445–461.

### Түйіндеме

Берілген мақалада автор дипломатиялық өкілдіктердің және халықаралық ұйымдардың иммунитеттері мен артықшылықтарын салыстыруға талпыныс жасаған. Мысалдар келтіріліп, зерттелініп отырған салада шарттар қарастырылған.

### Summary

In this article, the author gives a comparative analysis of the privileges and immunities of diplomatic missions and international organizations. Given examples and agreements, which considered in the field under investigation.

ОӘЖ:343.35(094)574

**Наурызбаева Р.К.**

з.ғ.к., доцент

**Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық**

**заң академиясы**

**Тагаев А.У.**

з.ғ.к., доцент

**Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық**

**заң академиясы**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Бұл мақалада "сыбайлас жемқорлық" терминінің мәнін, мағынасын, оның этимологиялық анықтамасын сонымен қатар ортақ тұжырымының болуын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің басты критерийі ретінде қарастырады.

**Кілт сөздер:** сыбайлас жемқорлық, конвенция, рим құқығы т.б.

Сыбайлас жемқорлық-ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де ең өткір мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты халықаралық заңнамалық база 15 жылдан астам уақыт бұрын қалыптастырыла бастады, бұл осы саладағы заңнаманың эволюциясын халықаралық деңгейде қадағалауға мүмкіндік береді. Осы мәселеге қатысты негізгі халықаралық нормативтік актілерді және оларда бекітілген негізгі ережелерді қарастырайық.

1990 жылдың 8 қарашасында Еуропа Кеңесінің қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенциясы қабылданды, онда халықаралық ынтымақтастықтың қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық аспектілері қарастырылады.

1996 жылдың қарашасында Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл Бағдарламасын қабылдады. Осы бағдарлама аясында келесі құжаттар дайындалды:

- 1999 жылғы 27 қаңтардағы сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Конвенция;

- 1999 жылғы 4 қарашадағы Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы Конвенция

Сыбайлас жемқорлықтың заманауи ұғымының дамуын кезеңге бөліп зерттеу сыбайлас жемқорлық этимологиясын жақсы түсінуге, ұлттық және халықаралық заңнамаларда осы ұғымның нормативтік-құқықтық анықтамаларын жетілдіруге қызмет етіп қана қоймай, сонымен қатар құбылыстың әлеуметтік бағасын өзгертудің жаңа үрдістерін көруге мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік бағасы әдетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша қазіргі заманғы зерттеулерде бағаланбайды. Алайда, біздің ойымызша, бүгінде адамзат сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің неғұрлым тиімді моделін таңдауда сыни нүктеге қол жеткізгенін байқамауға болмайды. Біз жүргізген талдау көрсеткендей, мәселе — сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің оның барынша кең және тар түсінігінің арасын таңдауда. Бұл ізденісте ортақ шешім жақында анықталмайды.

Бізге қолжетімді көздерді зерделеу сыбайлас жемқорлықтың қазіргі заманғы ұғымын қалыптастыру үдерісі, өркениет тарихындағы бірнеше мыңжылдықты қамтитынын көрсетеді.

Жекелеген зерттеушілер көрсеткен шенеуніктердің сыбайлас жемқорлық туралы алғашқы ескерткіштерінің бірін Ежелгі Вавилон мұрағаттарында (б. з. д. XXIV ғ. екінші жартысы), кейінірек (б. з. д. XIX ғ.) және Вавилон патшасының Хаммурапи атақты заңдарында кездестіруге болады:

"§ 5. Егер судья істі бөлшектесе, шешім қабылдаса және құжатты мөрмен әзірлесе, содан кейін шешімін өзгерткен болса, онда бұл судья өзі шығарған шешімнің өзгерісін және осы істе болған талап-арыз сомасын он екі есе мөлшерде төлеуі тиіс; бұдан басқа, жиналыста оны судья креслосынан бұгуге тиіс және ол сотта судьялармен бірге оралмауға және отырмауға тиіс.

§ 6. Егер адам Құдайдың немесе сарайдың мүлкін ұрласа, онда бұл адам өлтірілуі тиіс; сондай-ақ оның қолынан ұрланған мүлікті қабылдаған адам да өлтірілуі тиіс".) [1]

Егер бірінші жағдайда (§ 5) түсіндіру кезінде төрешілік еркіндігінің сипатталған нысанын (сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін соттың өзгермейтіндігі ережелерінен ауытқу) сыбайлас жемқорлыққа жатқызу мүмкіндігіне күмән туғызса, онда екіншісінде (§ 6) сыбайлас жемқорлық қылмыстары салдарынан сатып алынған мүлікті «заңдастыру» туралы сөз болып отыр. Аталған сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қоғамдық қауіптілік дәрежесін бірдей бағалау біз үшін өте орынды болып табылады. Сонымен қатар, заң мәтінінде тиісті аталған қылмыстардың табиғаты ұқсас екендігін көрсетеді. Бүгінгі таңда бізде соңғы жағдайға әдетте тиісті назар аудармайды. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау нәтижесінде алынған

ақшаны заңдастыру (жылыстату) ҚР Қылмыстық кодексінде көрсетілген сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізбесіне енгізілмеген.

Сонымен қатар, қазіргі зерттеушілердің ерте мемлекеттік кезеңінде "сыбайлас жемқорлық" терминінің өзі ғана емес (бұл лингвистикалық тұрғыдан түсінікті), сондай-ақ осы терминнің қандай да бір баламасының бар екенін дәлелдей алмайтынына назар аудармауға болмайды. Сыбайлас жемқорлықтың жалпы түсінігі әлі күнге дейін тек белгілі бір ұғымдар түрінде қоғамдық санада және ресми құжаттарда көрініс тапқан.

Сапалы серпіліс кейінірек болды.

Ежелгі Грецияда сыбайлас жемқорлықтың терминологиялық баламасы қолданылған, бірақ ол өте бұлыңғыр болды. Сыбайлас жемқорлық-бұл, ең алдымен, жаман азық-түліктің асқазанын зақымдау, суды бұзу, мүлікті жылыту, жай — күйді ысырап ету, содан кейін-адамгершілік құлдырауына алып келу, бостандықты жою, жастарды бұзу, жеке адамды немесе жалпы халықты сатып алу.

Рим құқығында «сыбайлас жемқорлық» заң нысанын иеленді. Бұған мысал ретінде рим құқығының жиынтығын – XII кестелер Заңын (біздің эрамызға дейінгі V ғасыр, латынша *leges duodecim tabularum*) келтіреміз, онда «*contumpere*» термині соттағы жауап беруді ақшаға алмастыру немесе судьяны параға сатып алу деген мағынада пайдаланылады: «Сот ісін жүргізу кезінде ( істі талқылау үшін) тағайындалған және осы іс бойынша ақша сомасын алған деп айыпталған судья немесе делдалды өлім жазасына кесетін заң қаулысын қатал деп есептейсің бе?»

Сыбайлас жемқорлық Рим империясы тұсында да нақты айқындалған, ол XII кесте Заңдарында көрініс тапты. “Рим империясының құлдырау себептерінің бірі – сыбайлас жемқорлық болған. Сол кезеңде мемлекеттік орындарда, мемлекеттік лауазымдарға тағайындау кезінде парақорлық жайлаған.” [2]

Біз Никколо Макиавеллидің римдік құқықта "сыбайлас жемқорлық" термині заңды түрде пайда болғаны туралы пікірін бөлісуге барлық негіздер бар деп ойлаймыз. Осылайша, сыбайлас жемқорлықтың қазіргі түсінігін қалыптастырудағы үшінші кезең Рим құқығының пайда болу және даму кезеңімен сәйкес келетіні туралы сенімділіктің айтуға болады. Дегенмен Ежелгі Римде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың әмбебап құрамын немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың толық тізбесін құрастыруға, сонымен бірге сыбайлас жемқорлық ұғымына нормативтік анықтама беруге тырыспады.

Сыбайлас жемқорлық құбылысының таралуы (Еуропа шегінде) орта ғасыр кезеңінде басталады. Оның басты ресми себептері ақша қатынастарының тез дамуы, мемлекеттік аппарат санының өсуі, Рим құқығы принциптеріне қарамастан мемлекеттік билік тармақтарының өсуі болды. Осыған байланысты, "сыбайлас жемқорлық" ұғымы бұрын-соңды күнәнің немесе шайтанның теологиялық мағынасына ие болды.

Біздің ойымызша, сыбайлас жемқорлық ұғымының қазіргі заманғы мәнін қалыптастырудағы жаңа кезең Еуропада орталықтандырылған мемлекеттердің және қазіргі құқықтық жүйелердің пайда болу кезеңімен сәйкес келеді. Билік үшін күрес, Сыбайлас жемқорлықты мемлекет қауіпсіздігінің маңызды факторына ғана емес, билікті басып алудың ең тиімді құралдарының біріне айналдырды.

Италия ойшылы мен саясаткері Н. Макиавелли (1469-1527 жж.) еңбектерінде сыбайлас жемқорлықты пайымдауға маңызды серпін берілген. Өзінің «Билеуші» атты еңбегінде (1513 ж.) ол сыбайлас жемқорлықты «жария мүмкіндіктерді жеке басының мүддесіне қарай пайдалану» ретінде анықтады, сыбайлас жемқорлықты алдын ала қиын анықталатын, бірақ жеңіл емделетін, ал ол

асқынып кеткенде, анықталуы оңай, бірақ емделуі қиын аурумен салыстырған.[3] Макиавелли бойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы халыққа еркін қалу өте қиын.

Ағылшын мемлекеттік қайраткері және философы Т. Гоббс (1588-1679 жж.) «Левиафан» атты еңбегінде (1651 ж.) былай деп жазады: «Өз байлығына былыққан адамдар қылмыстарды батыл жасай береді, себебі олар мемлекеттік әділетпен сыбайласу арқылы жазадан қашып құтыламын немесе ақшаға не басқа да сыйақы түрімен кешірім аламын деп үміттенеді». Гоббс бойынша сыбайлас жемқорлық «барлық уақытта да және кез келген қызықтырып азғындау кезінде барлық заңдарға деген жек көрушілік туындайтын тамыр».[4] XVII ғасырдың ортасында жасалған осы тұжырым XXI ғасырда да өзекті болмақ.

Сыбайлас жемқорлық ұғымының қазіргі маңызы XV-XVI ғасырларда түпкілікті бекітілді және көптеген еуропалық мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлықтың гүлденуімен сәйкес келеді. Осы уақыттан бастап, сыбайлас жемқорлық деп әдетте шенеуніктердің (мемлекеттік лауазымды тұлғалардың), сондай-ақ қоғамдық-саяси қайраткерлердің сатылуы мен сатып алуы түсінілді.

Біздің ойымызша, бұл жағдай кейінірек Э. И. Темнов пен А. В. Березовская атап өткендей, сыбайлас жемқорлықты түсінуде осы құбылыстың криминологиялық және қылмыстық-құқықтық белгілеріне баса назар аудару қажет. Осылайша, сыбайлас жемқорлық айтарлықтай өзгеше мағыналарын түпкілікті жою үшін алғышарттар жасалады: сыбайлас жемқорлық – жеке басының мүддесі үшін қоғамдық мүдделерді ескермеу, мемлекеттік функцияларды және өкілеттіктерді өз пайдасына пайдалану.

Ал қазіргі таңда біздің заңнамада сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзі не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Хрестоматия по всеобщей истории государства и права: учеб. пособие /М. Черниловский. –М., 1994
- 2.Жетписбаева Б. А. Антикоррупционное законодательство Республики Казахстан. – Астана, 2011.
- 3.Макиавелли Н. Государь. –М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. –С. 656 .Гоббс Т. Левиафан. <http://www.lib.ru>

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются сущность, значение термина "коррупция", его этимологическое определение, а также наличие общего заключения как главного критерия борьбы с коррупцией.

#### **Summary**

This article discusses the essence, meaning of the term "corruption", its etymological definition, as well as the presence of a General conclusion as the main criterion for the fight against corruption.

**Тарап Ж.Д.**  
**Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң**  
**академиясы, Конституциялық,**  
**халықаралық құқық және кеден ісі**  
**кафедрасының аға оқытушысы,**  
**заң ғылымдарының магистрі**

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ МЕН АРАҚАТЫНАСЫ**

Бұл мақалада құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің құқықтық идеологиямен ара-қатынасының қоғамдағы маңызы мен негізділігі талқыланып, қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Құқық, мемлекет, сана, мәдениет, халық, даму, әділет, азаматтық қоғам, құқықтық идеология;

Құқықтық мемлекет қалыптастыруды халықтың құқықтық мәдениетін дамыту процесінен бөліп қарауға болмайды. Бұл, өз кезегінде, дамыған азаматтық қоғамды құруға ықпал етеді. Азаматтардың құқықтық мәдениетінің жай-күйі қоғамның құқықтық жүйесі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Құқықтық мәдениетті арттыру, халықтың құқықтық санасын дамыту – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет қалыптастыруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды критерийлері.

Қазақстанның алдында заңды құрметтейтін, адамгершілік және әділеттілік қағидаттары қолданылатын құқықтық мәдениеті жоғары құқықтық, азаматтық қоғам құру міндеті тұр. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет деңгейі жоғары әділетті азаматтық қоғамның өмірлік маңызды шарты тәуелсіз әрі құрметке лайықты сот билігі болып табылалы. Осыған байланысты, қазақстандық азаматтық қоғамды қалыптастыруда сот жүйесі шешуші рөл атқарады.

Құқықтық сана - сан қырлы феномен. Оның жеке адам мен қоғамның рухани даму ерекшеліктеріне байланысты өз құрылымы бар. Құқықтық сананы негізгі екі элемент: құқықтық психология және құқықтық идеология құрайды.

Құқықтық психология болып жатқан оқиғалар мен құбылыстардан қызбалықпен, тіпті есі кете терең әсер алуға қабілетті адамға тән психикамен байланысты. Ол құқықтық санада көбінесе стихиялы түрде, құқыққа және құқықтық шындыққа көзқарас бейнелетін сезім, көңіл-күйі, сүйкімділік пен сүйкімсіздік, реніш түрінде қалыптасады. Мәселен, бұл жасалған қылмыс жөнінде ашынушылық және оның құрбанына жаны ашушылық, әділ сот үкіміне қанағаттану сезімі; қылмыстық жазадан қорқу немесе Конституцияны құрметтеу болуы мүмкін.

Құқықтық сезімдер, көңіл-күй көп жағдайда әлеуметтік ортаның, жеке адамның тікелей араласатын ортасының ықпалының әсерімен қалыптасатынын ескеру керек. Көптеген социологиялық зерттеулерде адамның белгілі бір ортада болғанда, өзі басқа адамдармен байланыс жасамаған кездегіге қарағанда, көбінесе мүлде өзгеше сезініп, ойлап, әрекет жасайтыны атап өтілген. Жеке адамның құқықтық сансының деңгейімен ерекшеліктерін анықтау үшін оның отбасыны, ұжымының, бейресми араласатын топтарының және тиісті әлеуметтік жіктерінің әлеуметтік-құнды бағдарын білу қажет болатыны сондықтан.

Құқықтық сананың құбылмалы элементі көңіл-күйі болып табылады, өйткені ол өзгеріп отырады, құқықтық идеяларды таратудың көмегімен иландыру мен көтермелеуге сәйкес келетін саналы әсерге бейім болуы мүмкін.

Адамдардың дағдысына, олардың тұрмыс-салтына енетін нәрсе құқықтық сананың белгілі-бір әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді сақтауға байланысты тұрақты элементтерін айқындайды. Қылмыстық, қылмыстық атқару, әкімшілік, сондай-ақ азаматтық құқықта сол заңдарға қоғамдық құқықтық сана арқылы және оны мақұлдауымен адамдардың әдет-ғұрпымен сенгізілген кінәден арылу туралы, зиянды жуып-шаюу туралы, моральдық нұқсанның орнын толтыру туралы ережелер кездесетіні анық.

Құқықтық идеология дегеніміз құқықтық сананың құқықты және өмір шындығының құбылыстарын тұғырнамалық түрде бейнелеп, бағалайтын заңдық ұғымдарды, принциптерді, теорияны құрайтын жоғарғы қабаты. Адамның күнделікті тәжірибесіне сыйып кететін құқықтық шындықтарды әдетте, сезімдік қабылдауға ұқсас құқықтық психологиядан айырмашылығы- құқықтық идеология бейне бір құқықтық бағалаудың рационалдық деңгейіне сәйкес келеді, құқық пен мемлекет құбылыстарын ой елегінен неғұрлым терең өткізуді бейнелейді.

Құқықтық идеологияға құқықты қоғам қажеттеріне сай келетін идеологиялық жағынан жетілген мәдени-тарихи доктрина етіп көрсету үшін оның мәнін, әлеуметтік құндылығын ашып беруге ұмтылыс тән. Бұған табиғи құқық концепциясы, норматившілдік теория, құқық пен мемлекеттің марксистік доктринасы мысал бола алады.

XXI ғасырдың табалдырығында Қазақстан принципті түрде жаңа әлеуметтік-тарихи және геосаяси жағдайда отырды. Мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасын (1993 ж.) негізінен орындағаннан кейін оған да Қазақстанның мемлекеті мен азаматтары үшін Республика Президенттің «Қазақстан-2030» стратегиясынан туындайтын және оны мемлекеттік-құқықтық салада нығайтатын жаңа құқықтық идеология керек болмай қоймайды [1].

Бұл құқықтық идеологияның концептуалды параметрлері:

1. Құқықтық идеология Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаттары үшін өткендегі және қазіргі дүниежүзілік юриспруденцияның заң теориясы мен тәжірибесінен сындарлы және пайдалы дегеннің бәрін алуға тиіс.

2. Құқықтық идеология Қазақстан қоғамы дамуының тұрақтылығы мен саяси топтасқандығына жәрдемдесуге тиіс.

3. Құқықтық идеология жеке адамның рөлі мен құқықтарын мемлекетке алуға және кемітуге, қоғам мен мемлекетке қатынасы жөнінен егемендіруге емес, жеке даралық әлеуметтілік арқылы ғана болуы мүмкін объективті шындыққа негізделіп құрылуға тиіс. Адам мен азаматтың міндеттерін өзінің жаратылысы бойынша әлеуметтік мәні болғандықтан, адам құқықтары туралы пайымдауларға араластырып жібермеу керек.

4. Құқықтық идеология Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайту, жан-жақты ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету қажеттігін негізге алуға тиіс. 1995 жылғы Конституцияда негізгі қаланған саяси биліктің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі негізінде кәсіби күшті және тиімді мемлекеттілікті дамытуға мүмкіндік туғызу керек.

Құқықтық сана құқықтық реттеу механизмімен тығыз байланысты. Біріншіден, ол заң нормаларын жасаудың алдында жүреді, өйткені, ол нормалар әрқашанда субъектінің санасы мен еркіне туелді; екіншіден, олармен қоса өне бойы іс-әрекет жасалады, өйткені құқық нормалары әрқашанда оларды субъектінің түсінуіне, оның

санасы мен еркіне есептелген; үшіншіден, құқықтық сана құқықтағы олқылықтарды түсіндірумен анықталады, заңдарды жетілдіру мен дамытуды қамтамасыз етеді.

Жеке құқықтық сана адам күнделікті қатысатын алуан-түрлі әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың ықпалымен, сондай-ақ өзінің психикалы-физиологиялық ерекшеліктерінің әсерімен қалыптасады. Жеке адамның мәдениеті мен білімі деңгейінің әртүрлі болуы, адамдардың әлеуметтік жағдайы мен қабілетінің бірдей болмауы жеке құқықтық сана деңгейінің әртүрлі болуына себепші болады. Құқықтық сана деңгейін көтеру үшін адамдардың санасы мен мінез-құлқына нысаналы идеологиялық ықпал жасаудың, азаматарға құқықтық тәрбие берудің де маңызы аз емес.

Топтық құқықтық сана тиісті әлеуметтік топтар мен оларға кіретін жеке адамдардың ерекшеліктерімен анықталады. Құқықтық құндылықтар әрбір топта бірдей танылмайды. Олардың ішінде топтық құқықтық сана заңдылық пен әділеттік идеяларын мүлде құрметтемейтіндерінде топтық құқықтық сананың әлеуметсізденуі, қоғамда бар құқықтық идеологиядан шеттеу, құқықтық нигилизмнің ескі түрін консервациялау, тіпті криминогендік жағдайлардың қалыптасуы мүмкін.

Қоғамдық құқықтық сана құқыққа және құқықтық өмір шындығының жалпы қоғамда қалыптасқан құбылыстарына көзқарасты бейнелейді. Қоғамдық құқықтық санада қоғамда жеке адамның бостандығына және жеке меншікке ешкімнің тиіспеушілігіне кепілдік бере алатын теңдесі жоқ әлеуметтік құндылық ретінде құқық түсінігі орнығады. Құқық болмайынша, оның екеуі де жоқ [2,137-142 б.].

Заңдардағы барлық уақытта дер кезінде жаңартыла бермейтін жаңсақтықтар мен жетілмегендіктің қоғамдық құқықтық санадағы құқық бейнесінің көрінуіне теріс әсер етеді. Тыйым салушы нормалар мен қызметтік көзқарастың басым болуы оған бүлдірушілік ықпал етеді. Соның салдарынан қоғамдық құқықтық санада құқықтың мәнін қажеттіліктің пен әділеттіктің шоғырланған көрінісі ретінде емес, қайта күштеу ретінде қабылдау мен түсіну сақталып келеді. Сондықтан да құқық нормаларын сақтауға азаматтан гөрі, мемлекет көбірек мүдделі деген пікір таралып кеткен. Мазмұнының толықтыққа жақындау деңгейіне немесе дәрежесіне қарай құқықтық сана құқық теориясында дағдылы, кәсіби(заңгерлердің құқықтық санасы) және ғылыми болып бөлінеді.

Дағдылы құқықтық сана дегеніміз адамдардың жаппай түсініктері, олардың күнделікті және өмірлік тәжірибесінің ықпалымен туындайтын құқық пен заңдылық жөніндегі сезімі мен көңіл-күйі болып табылады. Бұл- құқықтық сананың ең жылжымалы түрі, толық емес және үздік-создық, фрагментарлық болған соң ол сонымен бірге құқықтағы жаңалыққа мейлінше сезімтал және құқық қолданудың кемшіліктерін байқауда “қырағы” болып келеді.

Кәсіби құқықтық сана бір түр ретінде кәсіби заңгерлер арасында қылыптасады, норма шығаруда, құқықты түсіндіруде және құқық қолдануда өзекті рөл атқарады. Ол екінің бірінде белгілі бір стереотиптермен (күдікшілік, «айыптауға бейімдік», дәлдік және формалдылық, ілеспе заң нормаларын, іс-әрекеттің секторын немесе тіпті негізгі құқықтық өрісін көру) белгіленген, жазудан ерекше стилі мен заң тілін қалыптастырады. Бұл - құқықтық сананың біршама толық түрі.

Ғылыми құқықтық сана құқықты және құқықтық өмір шындығының құбылыстарын теориялық тұрғысында ой елегінен өткізу арқылы қалыптасады, ол қоғамның құқықтық идеологиясын әзірлеуде, мемлекет пен заңдарды дамыту жолдарын негіздеуде белсенді рөл атқарады. Құқықтық сананың осы ең толық түрін иеленушілер құқықтанушы және мемлекеттанушы ғалымдар болып табылады.

Құқықтық санамен тығыз байланысты және оның туынды құбылысы құқықтық мәдениет болып табылады. Ол құқыққа белгілі бір көзқарас қана емес, қайта, құқықтық білімнің, тұрақты құндылық- құқықтық бағдардың және соларға сәйкес заң жүзінде маңызды мінез-құлықтың бірлігі ретінде көрінеді.

Құқықтық мәдениет қолданылып жүрген құқық нормалары білімінің жоғары деңгейімен сипатталады. Оған субъектінің құқыққа құрметпен қарауы тән. Ол адамдардың мінез-құлқы олардың құқықтық сенімдеріне, сондай-ақ олардың басқа адамдар қылықтарының заңдылығына баға беруіне және құқықбұзушылықтың жасалуына бастамашылықпен кедергі жпасауына сәйкес келуін анықтайды.

Құқық өз нормаларына сәйкес мінез-құлыққа оң көзқараста болады. Алайда егер жеке адам заңды бұзбаса, құқық нормаларын жазалаудан қорыққандықтан немесе өзінің комформизмі салдарынан, яғни жұрттың бәрі сияқты істеймін принципі бойынша бұзбайтын болса, бұл әлі де оның қажетті құқықтық мәдениеті бар екендігі білдірмейді.

Сол сияқты жеке адамның немесе топтың кез-келген құқықтық белсенділігін құқықтық мәдениетке жатқызуға болмайды. Заңдарды білуге және оларды өздері қызмет етіп жүрген мақсаттарға зиян келетіндей етіп пайдалануға болады. Өмірде құқықтарды, сөз бостандығын қоғам мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, қиянат жасау да сирек кездеспейді. Керісінше, заңсыз әдістермен ізгі мақсаттарға жетуге тырысатын кездер де болады. Демек, әлеуметтік-құқықтық оң белсенділік қана жеке адамның немесе ұжымның жеткілікті құқықтық мәдениетінің компоненті деп танылуы мүмкін [3].

Құқықтық мәдениет – құқықтық актілерді, құқықтық және құқық қолдану қызметін, жеке тұлғаның құқықтық және құқықтық дамуын жетілдірудің қол жеткен деңгейінде, сондай-ақ мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі мен оның мінез-құлқының бостандық дәрежесінде көрінетін қоғамның құқықтық өмірінің сапалық жай-күйі. Қоғамның құқықтық санасының және құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыруда сот жүйесінің рөлі өте маңызды. Осы орайда атап өтсек, соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығымен заңнамалық нормаларды тізбектік жетілдіру, сот құрылысын жетілдіру, даулар мен қақтығыстарды шешудің балама тәсілдерін енгізу, азаматтардың кең қамтылған топтарына сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, Қазақстанның сот корпусының кәсібилігін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Қоғамның құқықтық мәдениеттің жетілдіруге заңгерлердің ғылыми және кәсіпкерлік қоғамдастарының, ұйымдарының маңызы өте зор. Олар нормативтік актілердің сапасын көтеруге, нормалардың қателіктерін түзетуге, кемшіліктерін жетілдіруге, құқық теориясын дамытуға көп үлес қосады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақстан – 2030, даму стратегиясы.
- 2 Баянов Е., «Мемлекет және құқық негіздері», оқулық, Алматы, «Жеті жарғы», 2001, 137-142 б.
- 3 Ағдарбеков Т. «Құқық және мемлекет теориясы», 2002.
- 4 Интернет көзі: [economics.kazgazeta.kz/?p=22980](http://economics.kazgazeta.kz/?p=22980)

#### **Резюме**

В этой статье обсуждается сущность и обоснование взаимосвязи между правосознанием и правовой культурой в обществе с правовой идеологией.



### Summary

This article discusses the essence and rationale of the relationship between legal consciousness and legal culture in society with legal ideology.

УДК: 342.518(575.2)

**Шаболотов Т.Т.,**  
**доктор политических наук, профессор,**  
**Заместитель руководителя Аппарата**  
**Жогорку Кенеша Кыргызской Республики,**  
**Иманкулова Г.И.,**  
**Главный специалист Отдела контроля и**  
**исполнения решений Аппарата**  
**Правительства Кыргызской Республики,**  
**аспирантка 1 курса Академии государственного**  
**управления при Президенте Кыргызской Республики**

### **ПРОБЛЕМЫ ОПТИМИЗАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ ВЛАСТИ В КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ В XXI ВЕКЕ**

В данной статье авторы попытались рассмотреть вопросы и проблемы оптимизации конституционно-правовых норм осуществления исполнительной власти в Кыргызской Республике, принцип разделения государственной власти, систему сдержек и противовесов, выявить основные проблемы и выработать концептуальные основы оптимизации конституционных норм, регулирующих деятельность исполнительной власти Кыргызстана.

**Ключевые слова:** конституция, конституционные нормы, политические институты, исполнительная власть, функции и полномочия, органы государственной власти, органы государственного управления, концепция, модернизация, оптимизация.

Генезис развития конституционно-правовых норм функционирования исполнительной власти Кыргызской Республики неразрывно связан с историей страны. Каждый этап развития конституционно-правовых норм после обретения суверенитета и независимости Кыргызстана характеризуется инновациями в отношениях между ветвями государственной власти. Конституционно-правовое развитие функций и полномочий исполнительной власти необходимо рассматривать в контексте осуществления функций государства, историческом (историко-правовом) аспекте, в социально-политическом плане, в политико-организационном отношении, в программно-политическом смысле и управленческом плане[1].

Следует отметить, что за 25 летний период развития суверенного Кыргызстана, самой не стабильной и неустойчивой являлась исполнительная власть. В этот 25 летний период существования правительства Кыргызстана сменилось 28 премьер-министров

республики, что является отрицательным фактом. Не стабильность никогда не приносила пользы, особенно в системе исполнительной власти.

В период президентства А.А. Акаева в Конституцию Кыргызской Республики 1993 года вносились 4 раза существенные изменения и дополнения: в 1994, 1996, 1998 и 2003 годах.

Первая Конституция суверенной Кыргызской Республики (КР) была принята 5 мая 1993 года. Начальным этапом и основой процесса разработки новой Конституции явилось принятие 15 декабря 1990 года Декларации о государственном суверенитете Кыргызской Республики, провозгласившей верховенство государственной власти на всей территории республики и независимость внешних сношений, а затем 31 августа 1991 года Декларации о независимости Республики Кыргызстан.

Конституция Кыргызстана 1993 года фактически была построена на основе идеи правового государства, общечеловеческих ценностей и принципах. Государственная власть в Кыргызстане стала основываться на принципе разделения власти на законодательную, исполнительную и судебную ветви. Таким образом, Конституция 1993 года стала отличаться от конституций советского периода, которые основывались на принципах всевластия советов народных депутатов. Единая система Советов от местных до Верховного Совета были ликвидирована, местное самоуправление в селах и городах, районах и областях стала осуществляться местными кенешами (советами), избираемым населением соответствующих территориальных единиц. Исполнительную государственную власть на местах стала осуществлять местная государственная администрация.

Состав Правительства Кыргызстана утверждал президент по предложению премьер-министра, а структуру правительства утверждал Жогорку Кенеш по предложению президента. Парламент также должен был дать согласие на досрочное сложение полномочий министров. Премьер-министр мог образовывать и упразднять административные ведомства, назначать их руководителей. Исполнительная власть в аилах и поселках стали осуществлять председатели соответствующих кенешей.

Утибаев Ғ.К.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДАНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Мақалада ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін себеп-салдардың бірі ретінде экономикалық контрабанданың криминологиялық табиғатын зерттей келе, экономикалық контрабанда мен қарсы күресті жетілдіру мәселелерін қарастырған. Экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 234 б.), айналымнан алынған немесе айналысы шектеулі заттардың контрабандасы (ҚР ҚК 286 б.) мәселесінің өзектілігін бүгінгі таңда Қазақстанда оның артуы арқылы кері жақтарының және оның ұйымдасқан формаларының пайда болуынан байқауға болады.

**Кілт сөздер:** Экономикалық қылмыстылық, жалған ақша, криминалдық жағдай, қылмыс, ұрлық, қылмыстың объектісі, алдау, заңды мүдде, құқықтар, жалған банкроттық, қару-жарақ ұрлау.

Қазақстанның өз алдына жеке мемлекет болып тәуелсіздік алуы оның көптеген мемлекеттермен экономикалық байланыс орнатуына мүмкіндік берді.

Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасында көптеген шетел мемлекеттерімен бірлескен кәсіпорындар пайда болып, шетел мемлекеттерінің ірі компанияларының өкілдіктері ашылды, табиғи ресурстар мен ішкі заттарды өңдеудің жобалары жасалды.

Мемлекеттің экономикасының дамуында маңызды салалардың бірі- сыртқы экономика. Сыртқы экономиканы дамыту әртүрлі мемлекеттік және жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың сыртқы рынокқа еркін шығуына, көптеген халықаралық бірлестіктердің, қорлардың және бірлескен кәсіпорындардың құрылуына мүмкіндік береді.

Сыртқы экономикалық қатынастарға көшу көптеген жағымсыз құбылыстардың бетін ашты, кеден, қылмыстық және әкімшілік заңдары бұзылды, ол мемлекетке экономикалық зиян, саяси нұқсан келтірді.

Бұл қылмыстар қылмыстық-құқықтық саралауда пайдакүнемдік іс-әрекеттерге жатады. Бірақ ұрлық, тонау, қарақшылық сияқты қылмыстармен салыстырғанда бұл қылмыстарды, тәжірибеде мүлікке заңды негізде қолын жеткізе алатын адамдар жасайды. Олар тауарларды, материалдық басқадай құндылықтарға билік етуге заңды құқығы бар материалдық жауапты, лауазымды адамдар немесе жеке тұлғалар жасайды[1, 225 б].

Экономикалық қылмыстылыққа әртүрлі анықтама берілуде. Мысалы, Э. Садерленд былай анықтама береді: «Экономикалық қылмыстылық дегеніміз – әлеуметтік мәртебесі жоғары құрметті адамдардың өз кәсіби міндеттері негізінде және өздеріне көрсетілген сенімді бұзып жасайтын құқық бұзушылық» [2, 51 б].

Ал Швед криминологы Б. Свенсон экономикалық қылмыстылыққа мынадай анықтама берген:

«Осы іс-әрекеттің өзінің негізгі құрайтын шаруашылық қызметтің шегінде жүзеге асырылатын созылмалы, жүйелі, жазаланатын, пайдакүнемдік сипаттағы іс-әрекет» [3,10 б].

Экономикалық өзгеріске байланысты экономикалық қылмыскерлік те біршама өзгеріске ұшырады және экономикалық қылмыстардың мынадай жаңа түрлері пайда болды:

- ақпараттандыру ережелерін бұзу;
- Қазақстан Республикасының мүдделеріне қайшы мәмілелер жасау;
- валютаның немесе асыл тастар мен металдардың заңсыз айналымымен байланысты әртүрлі қылмыстар;
- Қазақстан Республикасының кеден, монополияға қарсы және салық заңдарын бұзу;
- жалған банкроттық, жалған кәсіпкерлік, банкроттықты жасыру және басқалар.

Экономикалық контрабанда экономикалық қылмыстардың ең қауіптілерінің бірі. Ол ҚК-тің 11-бабының 3-бөлігіне сәйкес ауырлығы орташа қылмысқа жатқызылады, ал оның айрықша ауыр түрі (234-баптың 3-бөлігі) ауыр қылмысқа жатады. Қылмыстардың бұл тобын қылмыстық заң, теория мен тәжірибе экономикалық деп атайды («Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар»), дұрысы оларды «экономикаға қарсы» қылмыстар деу керек еді.

Экономикалық контрабанданың әлеуметке жат бағыттылығын, зиян келтіру қабілетін, оның заңмен қорғалатын мүдделерге қарсы қастандығын анықтайды, ол жаңа Қылмыстық Кодексте айқын берілген. ҚК экономикалық контрабанданы «экономикалық қызмет саласындағы» қылмыстардың біріне жатқызады. Сонымен заң шығарушы экономикалық контрабанданы қылмыстардың қай тобына жатқызу керек екендігі туралы таласты тоқтатты.

ҚК-тің Ерекше бөлімінің құрылымында көрініс тапқан мұндай бағалауға, біріншіден, кез келген мемлекеттің кең және өмірлік маңызы бар экономика саласында экономикалық контрабанданың шектелген салада жасалуы; екіншіден, оның құнды экономикалық мүдделерге қарсы бағыттылығы; үшіншіден, оның қоғамға қауіптілік деңгейінің жоғарылығы негіз болды.

Осыған байланысты айта кету керек, отандық қылмыстық заңнаманың кеңестік даму кезеңінде, тіптен 1997 жылғы жаңа Қылмыстық Кодекс қабылданғанға дейін контрабанда (кейін экономикалық контрабанда және контрабанда болып бөлінді) заңда және қылмыстық құқық теориясында мемлекеттік қылмыс деп қаралды. Мұндай көзқарас құқықтық санада берік ұялады, кеңестік және ресейлік ғалым-криминалистердің көпшілігі контрабанданы өзінің мәнісі жағынан мемлекеттік қылмыстарға жатқызады.

Мысалы, С.В. Дьяков контрабанданы мемлекеттік қылмыстар тобына кіргізді, онда елдің экономикалық қауіпсіздігін бұзуға қабілет бар деп санады [4, 34 б].

Ондай қасиет бар, бірақ ол контрабанданы мемлекеттік қылмыстар қатарына жатқызуға негіз бола алмады, себебі бұл ретте кейбір объективтік, ең бастысы – субъективтік факторлар толық ескерілмей қалады, мысалы, айыптының іс-әрекетіне бағыт берген сылтауда мемлекеттің экономикалық тұғырын бұзу мақсаты жоқ. Ал экономикалық қылмыстардың қайсысы болмасын мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне азды-көпті нұқсан келтіреді, қандай да бір зиянын тигізеді. Бірақ бұл факт оларды ҚК-тің Ерекше бөлімінің «Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 5-тарауының нормаларына сай мемлекеттік қылмыстар қатарына жатқызуға негіз бола алмайды.

Экономикалық контрабанданың экономикаға қарсы сипатынан кең көлемді, көп таралған және әлеуметтік тамырын терең жайған «көлеңкелі» экономика айқын көрініс табады [5, 78 б].

Бұл мәселе жөніндегі отандық [6, 304 б] және ресейлік [7, 90 б] ірі мамандар экономиканың «көлеңкелі» жағы өз шегіне жетті деп отыр. Егер жалпы ішкі өнімдегі заңсыз сектордың үлесі батыс елдерінде – 5-10% құраса, ол Қазақстанда – 18%, Ресейде – 23% екен. Бұл көрсеткіш «көлеңкелі» экономика кең тараған Латын Америкасы елдерінің көрсеткіштерімен шамалас. Бұл «құбылыстың» Қазақстан Республикасында шарықтап шегіне жеткендігін ЭСҚК Агенттігі де растап отыр [8, 2 б].

Көлеңкелі экономиканың контрабанданың етек алуымен тікелей байланысты бұл элементі капиталды шетелдерге қарай ағызудың күшті арнасына айналып отыр.

Бұл жағдайды «көлеңкелі» экономиканы, оның ішінде криминалды сыртқы экономикалық қызметті зерделеуші экономистер де айтып отыр. Олар былай дейді: «... құқық қорғау органдарының мәліметтері адам түршігерлік, ал нақты жағдай одан да бетер. Экономикалық қылмыстылық, әсіресе контрабанда жасырын жасалады, көбісі ашылмайды.

Мысалы, ресми мәліметтерге қарасақ, 2000-жылдардың басында экономикаға орасан зиян келтіретін ауыр қылмыстардың 5-10%-ға жуығы ашылса, бұл көрсеткіш қазір 1-3%-ды ғана құрайды екен».

Экономикалық контрабанда, негізінен, жасырын жасалатындықтан қандай тауардың қанша көлемде шекара арқылы заңсыз өткендігін анықтау мүмкін емес. Бірақ кейбір статистикалық мәліметтер ештеп ұғым береді.

Біраз уақыт бұрын Статистика агенттігі автомобильдер экспорты, импорты туралы ресми мәліметтерді Жол полициясы басқармасындағы мәліметтермен салыстырған, нәтижесінде жылына 5-6 мың автомашинаның мемлекеттік бақылауды жанап өтіп (көбіне Ресей арқылы), Қазақстанға келетіндігі анықталды.

Тауардың елге контрабандалық жолмен өтуі мемлекетке материалдық зиян келтіреді және мұндай экономикалық қылмыс жасаған адамдар жазасыз қалады. Бұл жағдай елдің сыртқы экономикалық секторының криминалдануына алып келді [9, 49 б].

Бұған қатысты А.С. Никифоров былай дейді: «... қылмыстық қызмет, оның ішінде контрабанда біздің экономиканың құрамдас бір бөлігіне айналды, оған криминалдық сипат беріп отыр» [10, 90 б].

Экономикалық қылмыстылық динамикасының 2010 жылға дейінгі криминологиялық болжамы, соңғы 6-7 жылда контрабанданың ашылуы 9 есе өскенмен, көңіл жұбатарлықтай емес. Екінші жағынан, қылмыстың бұл түрінің өте жасырын жасалатындығы себепті, оның нақты жағдайын басып айту қиын және бұл қылмыста жәбірленуші де, куәлер де, тіптен қылмыстың ізі де жоқ және контрабанда операциясы алдын ала мұқият ойластырылып жасалады.

Қылмыскерлікпен күресте Қазақстан Республикасы БҰҰ-мен, Еуропа Кеңесімен, өзге де мемлекеттермен, мемлекетаралық ұйымдармен қарым-қатынастық байланыста болғанмен, қазіргі кезде оның құқық қорғау органдарының ТМД елдерінің құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттестік мәселесі аса маңызды болып отыр.

ТМД елдерінің құқық қорғау органдарының, мемлекеттік билік және басқару органдарының жұмысындағы саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық қателіктерді пайдаланып, қылмыстық орта өзінің ортақ криминалдық өрісін құрды, өзара топтасып, экономикалық құрылымдардың едәуір бөлігін өз бақылауына алды.

Соңғы бірнеше жыл бойы қылмыстылықтың ТМД елдеріндегі динамикасы мен құрылымында олардың экономикалық дамуына және ұлттық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіретіндей ұқсастық бар. Жылдан жылға трансұлттық қылмыстар саны өсуде, бандитизм, тапсырыспен адам өлтіру, қару-жарақ және есірткілер контрабандасы, экономикалық контрабанда және қаржы алаяқтығы көбеюде.

Ұлтаралық қылмыстық байланыстар нығайды, нақты жолға қойылды. ТМД елдерінің мемлекеттік билік және басқару органдары, үкіметаралық және мемлекетаралық ұйымдары қылмыстылыққа пәрменді шаралар қолданып, қарсы тұрмайды.

ТМД құрылған кезден бастап қылмыскерлікпен, әсіресе экономикадағы қылмыскерлікпен күрес ТМД-ға кіретін елдердің бірлескен қызметінің аясына жатқызылды, ол Вискули келісінде және Достастық жарғысында заңдық бекімін тапты.

Мысалы, 2003 жылғы 12 наурызда Мәскеу қаласында ТМД үкіметтері басшыларының Кеңесі «ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумағында ұйымдасқан қылмыспен және қылмыстың өзге қауіпті түрлерімен күресудің бірлескен шаралар Бағдарламасын» қабылдады. Бағдарламада 2003 жылғы 22 қаңтарда Минск қаласында мемлекет басшылары қол қойған «Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция» Достастық мемлекеттерінің Ішкі істер органдарының ынтымақтастығы мен өзара әрекеттестігі үшін құқықтық негіз болады делінген.

Бағдарламада ұйымдық-құқықтық және ұйымдық-тәжірибелік мәселелердің екі тобы берілген.

Ұйымдық-құқықтық мәселелер мыналарды қарастырады:

- ТМД шегінде ұйымдасқан қылмыспен және қылмыстың басқа да қауіпті түрімен күресті үйлестіретін тұрақты орган (комиссия) құру, мәліметтердің мамандандырылған банкін қалыптастыру, аса ауыр қылмыс жасап, қашып жүрген адамдарды мемлекетаралық іздестіру жұмысын жүзеге асыру, ТМД-ның бірнеше мемлекеттерінің мүддесіне қатысты кешенді операциялар жүргізгенде өзара келісілген әрекеттер жасау, ұлтаралық қылмыстылықпен күресу жөнінде ұсыныстар даярлау;

- ұйымдасқан қылмыстылықпен және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы, мемлекеттік қызмет туралы, қылмыстық жолмен тапқан табысты «тазартумен» күрес, ондай табыстарды іздеп тауып, тәркілеу туралы, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және қылмыстық үдеріске қатысушыларды қорғау туралы, жедел іздестіру қызметі туралы заңдар қабылдау қажеттігі жайында ұсыныстар даярлау;

- ұйымдасқан қылмыстық топтармен, қару-жарақтың, жарылғыш заттардың және радиоактивтік заттардың заңсыз айналымымен күресу саласындағы ынтымақтастық туралы, тергеу-оперативтік топтардың өзге мемлекеттер аумағындағы өзара әрекеттестігі, Ішкі істер органдарының, кеден қызметі мен шекара әскерлерінің өзара әрекеттестігі туралы, әуе көлігіндегі және көлік коммуникацияларындағы лаңкестікпен күрес саласындағы, банк жүйесі мен сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қылмыстармен күресу жөнінде және де есірткінің заңсыз айналымымен күрес саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық келісімдер жасасу [11, 212 б].

Бағдарламада көзделген ұйымдық-тәжірибелік шаралар мына бағытта жүргізілуге тиіс:

- бандитизммен және қарулы қылмыстылықпен күрес (басшыларын, ықпал ететін аумағын анықтау, қаруды алатын көздерін айқындау, ТМД елдеріндегі бандиттік топтар жайындағы мәліметтерді талдау);

- үйлестірілген кешенді операциялар жүргізу (келіп-кететін қылмыстық топтарды айқындап, олардың жолын кесу, автомобиль жолдарында қарақшылық жасап жүрген бандиттік топтарды айқындап әшкерелеу, темір жол объектілерін тонаушы топтарды жою);

- қару-жарақ ұрлау, заңсыз сату сияқты қылмыстармен күресудің бірлескен шараларын іске асыру;

- жалғаспалы ауыр қылмыстардың ашылуына бірлесіп бақылау жасау;

- автомобиль ұрлауға маманданған қылмыстық топтарды бірлескен шаралар жүргізіп қолға түсіру;

- есірткі бизнесімен күрес;

- экономика саласындағы қылмыстылықпен күрес (құрылыс шикізаттары мен материалдарын сыртқа шығарушы кәсіпорындар мен ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметіне бақылауды күшейту, мұнай өнімдеріне, түсті және сирек кездесетін металдарға қатысты заңсыз мәмілелердің жолын кесу);

- Достастыққа қатысушы мемлекеттерден энергия көздерін, мәдени құндылықтар мен валюталарды заңсыз алып шығатын жолдарды айқындау мақсатында бірлескен жедел іздестіру жұмыстарын жүргізу;

- банк жүйесінде алаяқтықпен айналысатын тұрақты қылмыстық топтардың қызметі жайындағы материалдарды жинақтап қорыту, мұндай қылмыстардың ұйымдастырушыларын табу мақсатында ТМД елдерінде үйлестірілген жедел іздестіру шараларын жүргізу;

- ақшаның мемлекеттер арасында жүруін бақылайтын банк жүйесін құру.

Бұл бірлескен бағдарламаның көптеген позициялары орындалмады. Оған мынадай

мән-жайлар себеп болды:

- бағдарламаны орындау мерзімі өте қысқа – 1 жыл;
- бірлесіп шешілуі тиіс мәселенің ғаламдық масштабы;
- бірлескен жұмыс тәжірибесінің жоқтығы;
- ынтымақтастық үшін құқықтық базаның жоқтығы;
- олардың мүдде ерекшеліктеріне қарамастан іс-шаралармен ТМД елдерінің барлығын қамтуға талпыныс;
- бірлескен әрекеттердің материалдық-техникалық базасының жоқтығы;
- ТМД елдерінің кейбір аймақтарындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық;
- тараптар арасында міндеттердің айқын бөлінбеуі;
- кешенді мәселелерді бір-екі министрліктің күшімен шешуге ұмтылу;
- бағдарламаның орындалуына бақылаудың болмауы.

2006 жылы ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесі ТМД Жарғысының 4-бабына сәйкес және қылмыскерлікпен күресте бірлескен ұтымды әрекет жасау мақсатында 2000–2010 жылдарға арналған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумағында ұйымдасқан қылмыстылықпен және қауіпті қылмыстардың өзге түрлерімен күресудің бірлескен шараларының Мемлекетаралық бағдарламасын» бекітті.

Бұл бағдарламалық құжатты қабылдаған мемлекеттер басшылары Достастық елдеріндегі қылмыскерлік жағдайының нашар екендігін атап өтті. Ұйымдасқан қылмыстық топтар жасайтын трансұлттық сипаты бар ауыр қылмыстардың барлық жерде етек алғандығы байқалады. Лаңкестік, қылмыстық табыстарды заңдастыру, қару-жарақ пен есірткі контрабандасы, мәдени құндылықтар мен стратегиялық материалдардың экономикалық контрабандасы, жалған ақша шығару, автомобильдер ұрлау, қаржы және сыртқы экономика саласындағы, оның ішінде ақпараттық-есептеу техникасын және ең жаңа төлем құралдарын пайдаланған қылмыстар, тапсырыспен адам өлтіру және басқадай қылмыстар кең етек алды.

Бағдарламада, сонымен қатар, ТМД елдерінде қабылданған шаралардың қылмыстық іс-әрекеттерге бара-бар еместігі, өзара үйлестіріліп келісілмегендігі, мұның трансұлттық ұйымдасқан топтардың әлеуметтік-экономикалық және қаржы салаларына енуіне мүмкіндік беретіндігі аталынды. Сондықтан да мемлекеттердің ақпаратпен қамтамасыз етілуін жетілдіруге, құқықтық бағаны нығайтуға, құқық қорғау және басқа органдардың ТМД елдерінің экономикалық қауіпсіздігіне қол сұғушылармен күресте нақты келісілген шаралар жүргізуге бағытталған мемлекетаралық әрекеттер керек деген тұжырым жасалды.

2003 жылғы Бағдарламаға қарағанда 2006 жылғы Бағдарламада ТМД елдеріндегі криминогендік жағдайдың талдамалары мен қылмыстылықтың даму болжамдарына, ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне, қылмыстылықтың ұйымдасқан формасымен күресу тәжірибесіне баса назар аударылған. Бұл жерде ТМД елдері құқық қорғау органдарының осы бағыттағы бұрынғы бірлескен әрекеттерінің тәжірибесі де ескерілген.

Бұл мемлекетаралық бағдарлама ұйымдық-құқықтық мәселелерді, ұйымдық-тәжірибелік іс-шараларды, ақпараттық және ғылыми қамтамасыз етуді, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді, бақылау тетігін қарастырған алты бөлімнен тұрады.

Қазіргі кезде ТМД елдеріндегі қылмыстылықты салыстырып талдау әдістемесі жоқтың қасы, бұл мәселені бірлесіп зерттеудің мақсаты мен міндеті анықталмаған, материалдық-техникалық база жоқ. Соған байланысты, бәрінен бұрын, ТМД елдеріндегі қылмыстылықты зерделегенде салыстырмалы көрсеткіштердің параметрлерін анықтау

керек.

Оған мыналар жатады:

- қылмыстылықтың жайын, құрылымы және динамикасын бейнелейтін жалпы сипаттама, қылмыстылықтың өзгерісін анықтайтын заңдылықтар;
- қылмыстылыққа, аймақтардың экономикалық және саяси сипаттамасына әсер ететін географиялық және саяси жағдайлардың сипаттамалары;
- идеологиялық, әлеуметтік-психологиялық және ұлтаралық құбылыстар мен күрестердің сипаттамалары;
- қылмыстылықпен күресті реттеу және оның тәжірибесі саласындағы жағдайдың сипаттамасы.

Бүгінде қылмыстардың салыстыратын құрамдарының ауқымы туралы мәселені дұрыс және толық шешудің криминология теориясының және ТМД шегінде қылмыскерлікпен күресу тәжірибесінің бұрынғысынан да маңыздылығы зор болып отыр.

БҰҰ-ның жыл сайынғы мәліметтер жинағын құрастырғанда қылмыстылықты салыстыру үшін әлемдік қауымдастыққа арнап, қоғамға аса қауіпті жағдай тудыратын қылмыстар таңдалып алынады.

Қазақстанның экономикалық жағдайын, оның экономикалық жүйесінің нарықтық қатынастар жолына түскендігін, мемлекеттің құқық қорғау органдарының күші мен мүмкіндіктерін ескеріп, ғалым-заңгерлер мен маман-аналитиктер экономикалық қылмыстылық көрсеткіштерінің жыл сайын 25-30%-ға жалпылай өсетіндігін болжап отыр. Бұл экономикалық қылмыстардың ішінде, әрине экономикалық контрабанда да бар.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Профилактика преступлений. – Алматы: Юридическая литература, 2008. – 396 с.
2. Садерленд Э. Криминология (теория западных школ): Учебник (перев. с англ.). – М.: Наука, – 340 с.
3. Свенсон Б. Криминология: Учебник. – М.: АН СССР, 1975. – 298 с.
4. Дьяков С.В. Проблемы совершенствования законодательства о борьбе с государственными преступлениями // В кн. «Организованная преступность». – М., 1996. – 311 с.
5. Яковлев А.М. Экономическая преступность: закон и жизнь. - М., 1990. – 299 с.
6. Алауханов Е.О. Криминология: Учебник. - Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 620 с.
7. Исправников В.О., Куликов В.В. Теневая экономика в России: иной путь и третья сила. - М., 1997. – 296 с.
8. Кененбаев Е. «Теневая» экономика – объект внимания правоохранительных органов // Казахстанская правда. 21.12.2006. – 2с.
9. Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. - Алматы: Ғылым, 1999. – 281 с.
10. Никифоров А.С. Что нам делать с организованной преступностью? // В кн. «Организованная преступность». - М., 1996. – 245 с.
11. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насиловыми преступлениями. – Алматы, 2002. – 282 с.

#### **Резюме**

В статье рассматриваются криминологическая природа экономической контрабанды как одна из предпосылок к угрозе национальной безопасности и



рассматриваются вопросы совершенствования борьбы с экономической контрабандой. На сегодняшний день, уголовное правонарушение в сфере экономической деятельности как, экономическая контрабанда наносит вред национальной безопасности Республики Казахстан.

### Summary

The article deals with the criminological nature of economic smuggling as one of the prerequisites for the threat to national security and considers the issues of improving the fight against economic smuggling. To date, a criminal offense in the field of economic activity as economic smuggling harms the national security of the Republic of Kazakhstan.

341.1(470) (574)

**Арыкбаева А.Б.**  
**Магистрант ЕЮА**  
**имени Д.А.Кунаева**  
**Научный руководитель:**  
**К.ю.н., доцент Әбділда Д.Ә.**

### **ВОПРОСЫ ИМПЛЕМЕНТАЦИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ АКТОВ О ТОРГОВЛЕ ЛЮДЬМИ В КАЗАХСТАНСКОЕ УГОЛОВНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО**

В статье отмечается важность соответствия международных актов и национального законодательства в области торговли людьми. Дается краткая характеристика международно-правовых актов, принятых государством на региональном уровне, направленных на борьбу с данным преступлением. Предлагается определенный комплекс мер, необходимых для пресечения данного деяния, с участием международных и неправительственных организаций.

**Ключевые слова:** имплементация, законодательство, торговля, международные акты, конвенции, эксплуатация, противоречия.

Общественная опасность рассматриваемого вида уголовного правонарушения заключается в том, что оно посягает на конституционные права граждан фундаментального характера, закрепленных в главном законе страны. Все государства мира должны быть заинтересованы в борьбе с рассматриваемым видом уголовного правонарушения, поскольку оно имеет трансграничный характер, нарушает интересы нескольких государств. Поэтому борьба с торговлей людьми должна носить системный характер и быть направлена не только на совершенствование международного и отечественного законодательства, но и на усиление международного сотрудничества правоохранительных органов, которое на сегодняшний день находится на очень низком уровне. Одним из условий успешной борьбы с рассматриваемым видом уголовного правонарушения является привлечение к уголовной ответственности лиц, совершивших правонарушение. В этой связи государством должна вестись планомерная работа, направленная на разработку единого понятийного аппарата

понятий «торговля людьми», «эксплуатация человека», «рабство человека». Помимо изложенного, необходимо отметить проведение работы, направленной на имплементацию положений, международных конвенций, регламентирующих вопросы борьбы с торговлей людьми.

К международным конвенциям, регламентирующим вопросы борьбы с рассматриваемым видом уголовного правонарушения, следует отнести Конвенцию ООН о борьбе с торговлей людьми и с эксплуатацией проституции третьими лицами от второго декабря 1949г., которая была принята после Конвенции о рабстве от двадцать пятого сентября 1926 года. Помимо изложенного, ООН приняло еще одну конвенцию от седьмого сентября 1956 года «Об упразднении рабства, работорговли и институтов и обычаев, сходных с рабством. Пятнадцатого ноября 2000 году была принята Конвенция ООН, направленная на противодействие транснациональной организованной преступности. В 2005 и 2007 годах соответственно были приняты очередные конвенции, направленные на противодействие рассматриваемому явлению. Это Конвенция Совета Европы о противодействии торговле людьми от шестнадцатого мая, и Конвенция о защите детей от сексуальной эксплуатации от двенадцатого июля, соответственно [1].

Республика Казахстан ведет планомерную работу, направленную на имплементацию положений международных соглашений в действующем праве. К примеру, в УК Республики Казахстан, принятом в 2014 году и вступившем в силу 1 января 2015 года, предусмотрена уголовная ответственность за торговлю людьми (статья сто двадцать восьмая Уголовного закона Республики Казахстан), а также уголовная ответственность за торговлю несовершеннолетними (статья сто тридцать пятая Уголовного закона Республики Казахстан).

Вместе с тем, мы видим, что на сегодняшний день отечественное уголовное законодательство не имплементировало все положения, предусмотренными Протоколами, дополняющими Конвенцию ООН против транснациональной организованной преступности. Сама Конвенция ООН против транснациональной организованной преступности была принята тринадцатого декабря 2000 года, а ратифицирована Законом Республики Казахстан 4 июля 2008 года № 40-IV. К примеру, в Уголовном законе не предусмотрена уголовная ответственность за использование рабского труда. Аналогичная статья была предусмотрена в ст.127 УК Российской Федерации еще в 2003 году [2].

Аналогичные упущения имеются и в административном законе Республики Казахстан, в котором отсутствуют нормы, предусматривающие административную ответственность юридических лиц, чья деятельность связана с созданием условий для торговли и эксплуатации людей.

Помимо изложенного, для реализации положений международных конвенций, в уголовном законе Республики Казахстан была предусмотрена уголовная ответственность за вовлечение несовершеннолетнего в занятие проституцией (статья сто тридцать четвертая Уголовного закона Республики Казахстан); вовлечение несовершеннолетних в изготовление продукции эротического содержания (статья сто сорок четвертая уголовного закона Республики Казахстан). Рассматриваемые выше статьи были введены в целях реализации в уголовном законе Конвенции Совета Европы о защите детей от сексуальной эксплуатации и сексуальных злоупотреблений (от двадцать пятого октября 2007 года в Лансароте). При этом, согласно этой конвенции государства-участники конвенции должны ссылаться на рекомендации

Комитета министров Рес (91) о порнографии и проституции с участием детей и молодых взрослых, торговли ими и сексуальной эксплуатации.

Первое определение торговли людьми было дано в Палермском протоколе, в котором под данным понятием понимается осуществление в целях эксплуатации, вербовка, перевозка, передача, укрывательство или получение людей путем угрозы силой или ее применения или других форм принуждения, похищения, мошенничества, обмана, злоупотребления властью или уязвимого положения, либо путем подкупа, в виде платежей или выгод, для получения согласия лица, контролирующего другое лицо. Исходя из этого определения эксплуатация является широким термином, которая включает в себя следующие формы: эксплуатация в качестве принудительного труда; эксплуатация в виде рабства; сексуальная эксплуатация и эксплуатация в целях трансплантации органов и тканей.

Таким образом, исходя из трактовки этого определения, можно прийти к выводу, что для квалификации деяния, как торговли людьми, необходимым условием является установление деяния, цели совершения преступления и способа совершения преступления. В данном случае необходимо принимать во внимание, что способ совершения преступления на квалификацию не оказывает никакого влияния.

В статье сто двадцать восьмой (128) Уголовного закона Республики Казахстан под торговлей людьми понимается купля-продажа или совершение иных сделок в отношении лица, а равно его эксплуатация либо вербовка, перевозка, передача, укрывательство, получение, а также совершение иных сделок в целях эксплуатации. Аналогичное определение дано и в ст.135 Уголовного закона Республики Казахстан (торговля несовершеннолетними) [3].

При анализе этих норм можно выявить несоответствие уголовного закона и международных нормативно-правовых актов, поскольку в отечественном праве в нормах не указаны средства воздействия на лицо, которое становится объектом торговли. Однако некоторые средства воздействия, например, применение физической силы или оружия, получили свое отражение в качестве квалифицирующих признаков. В качестве несоответствия также можно отметить то, что диспозиция статей 128, 135 простая, поскольку в отличие от международных конвенций в них подробно не разъясняется понятие купли-продажи человека.

В качестве негативного момента статьи 128 и 135 Уголовного закона также следует отметить то, что они не дают определения эксплуатации человека, что также является негативным для правоприменительной деятельности. Это является пробелом нашего закона, поскольку эксплуатация человека делится на несколько видов: а) эксплуатация для сексуальных целей; б) рабская эксплуатация; в) эксплуатация для извлечения органов и тканей для дальнейшей их трансплантации.

Вместе с тем, возникает глубокое сомнение о том, что казахстанское уголовное законодательство в части уголовной ответственности за совершение торговли людьми не соответствует международному законодательству. На наш взгляд, главное в этом направлении международного сотрудничества отразить суть положений международной конвенции. Кроме того, ответ на этот вопрос можно найти в самих международных конвенциях. К примеру, та же конвенция против транснациональной организованной преступности гласит, что участники конвенции вправе принимать более жесткие меры, чем те, которые предусмотрены международными ее положениями.

Очередным фактором, негативно влияющим на недостатки, возникающие при имплементации положений международных конвенций в отечественном праве, является сложность их перевода.

Таким образом, анализ отечественного уголовного закона показывает, что под торговлей людьми понимается не только совершение купли-продажи, но и совершение иных сделок.

В качестве противоречий в статьях 128 и 135 Уголовного закона можно отметить тот факт, что эксплуатация не всегда может совершаться в целях изъятия органов или тканей потерпевшего для трансплантации или иного использования. При этом эксплуатация человека является не основным признаком торговли людьми. В этой связи необходимо полагать о правильности действий законодателя в связи с тем, что с точки зрения доказывания эксплуатацию не всегда можно доказать.

Таким образом, рассматриваемые противоречия между отечественным уголовным законом и международными конвенциями указывает на необходимость проведения более углубленного исследования и выработке мер, направленных на повышение эффективности применения указанных статей уголовного закона.

#### **Список литературы:**

1. Конвенция ООН о борьбе с торговлей людьми и с эксплуатацией проституции третьими лицами от второго декабря 1949г., Конвенция о рабстве от двадцать пятого сентября 1926 года., Конвенция ООН от седьмого сентября 1956 года «Об упразднении рабства, работорговли и институтов и обычаев, сходных с рабством. -

1. [http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/trafficking\\_suppression.shtml](http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/trafficking_suppression.shtml)

2. Уголовный кодекс Российской Федерации: учебно-практическое пособие. – М., 2018г.

3. Уголовный кодекс Республики Казахстан: учебно-практическое пособие. – М., 2018г.

#### **Түйіндеме**

А. Арықбаеваның мақаласында адам саудасы туралы халықаралық актілерді Қазақстанның қылмыстық заңнамасына енгізу мәселелері, сондай-ақ олардың қарама-қайшылығы қарастырылады.

#### **Summary**

The article of Arykbayeva A. focuses on the implementation of international norms on human trafficking in Kazakhstan's criminal legislation as well as on their contradictions.

Асанова А.А.  
Д.А. Қонаев атындағы  
Еуразиялық заң академиясының  
магистранты  
ғылыми жетекші:  
з.ғ.д., профессор  
Жалаири Ө.Ш.

### ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ҚАҒИДАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ БӨЛУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Бұл мақалада демократиялық билікті орнатуда заң үстемдігі қағидасын негізгі критерий ретінде қарастырып, оны құқықтық мемлекеттің негізгі белгісі деп таниды және демократиялық басқарудың аса маңызды аспектісі ретінде анықтайды.

**Кілт сөздер:** мемлекеттік билік, билік бөліну, заң үстемдігі, билік бөлу принципі т.б.

Заң үстемдігі қағидасы құқықтық ғылымда іргелі принциптер қатарына жатқызылады. Ол - құқықтық мемлекет құру кезеңінде белсенді түрде зерттелуде. Бұл процесс кеңес өкіметінен кейінгі кеңістікте қалыптасып дамып келе жатқан егеменді республикаларға тән. Ресей мен Қазақстанда құқықтық кеңістік қалыптастыру тәжірибесінің қазіргі заман талаптарын толық қанағаттандыратын жаңа үлгілері мен тәсілдері белсенді түрде ізделінуде.

Заңның үстемдігі туралы ой ежелгі кезде-ақ жасалған. Мәселен, сол кезде Платон: «Мен біреудің билігінің қол астындағы және заң күшін жойған мемлекеттің өліп-өшуге жақын екендігін көріп тұрмын. Заң басқарушылардан басым болып билік құрған жерде, ал олар оның құлдары болмақ, мен мемлекетті және барлық игіліктерді құтқару Құдайдың мемлекеттерге сыйлаған керемет тартуы деп қараймын» [1, 188 б.].

Құқықтық мемлекет тұжырымдамасында негізгі екі көзқарас ерекше байқалады: олардың біріншісі құқықтық мемлекетті адамгершілік ахуал орнатудың бастамасы және құқықтың жалпы адамзаттық құндылықтары есебінде қарастырады; екіншісі мемлекеттің заң шығарушылық қызметінің мазмұнына ерекше мән беріп, осы қызметтің түрлерін, тәсілдерімен іске асуын ерекше бөліп көрсетеді. Біздің пікірімізше, екі көзқарастың да нық негіздері бар. Олардың ішіндегі мемлекеттік саясаттың сұранысына тиянақты жауап беретіні басым бағыт болмақ. Алайда бұл мәселенің объективті даулы сипаттама екендігінде күмән жоқ.

Біздегі ақиқаттың қазіргі заманғы жағдайында елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси реформадағы аса маңызды принциптердің бірі көптеген әлеуметтік проблемаларды шешуге базисті негіз және алғышарт, бүкіл саналы да салауатты өмірімізге өлшемді өзек болатын заң үстемдігі мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінде ең басты принцип болуы тиіс.

Заңның үстемдігінің ең маңызды айқындалуы - заңда, тек қана заңда, ең алдымен мемлекеттің Конституциясында елдің құқықтық жүйесінің бастапқы, іргелі принциптері, құрылу және даму идеялары көрініс табуында. Және заң шығарушыдан басқа ешкімнің де құқықтық жүйе негізіне өзгерістер енгізуге құқығы жоқ. Бұрынғы КСРО Конституциясына 1988 жылы енгізілген өзгерістерден кейін басталған биліктерді бөлісу процесі жағдайында биліктің өкілдік органдарының үстемдігін (толыққанды билігін) тануға негізделген заңның үстемдігі доктринасы заңның басты,

жетекші рөлін негіздейтін түзетулерді бірден енгізе алмады, оны бұрынғыша халық депутаттары Кеңесінің толыққанды билігі принципінен шығаруда.

Бір авторлар дәстүрлі мағынасында биліктерді бөлісу принципі бізде қабылданбады, өйткені бұл биліктің өкілдік органдарының рөлін арттыруды және демократияны терендетуді қанағаттандыра алмас еді деп есептейді. Басқалары, керісінше, биліктерді бөліспей, құқықтық мемлекет және құқықтық заңдар болуы мүмкін емес деп танып, заңның үстемдігін арттыруда биліктің өкілдік органдарының - Кеңестер жүйесінің үстемдігін қамтамасыз ету аса маңызды дегенді баса таптап айтуда. Олар мұндай үстемдіктің талаптары халықтың егемендік принципінен туындайды, мемлекеттік органдар жүйесінде - Кеңестердің үстемдігінсіз, Конституция мен заңдардың үстемдігі де, құқықтың басымдығы да болуы мүмкін емес деп пайымдайды.

С.С. Алексеев мүлдем өзгеше жолды ұстанады. Ол биліктерді шектеу құзыреттіліктерді бөлісуде, биліктердің өзара бірін-бірі бақылауында, іркілулер (сдержки) мен қайшылықтар жүйесінде, тепе-теңдігінде айқындалады, биліктердің тепе-теңдігіне олардың арасында пайда болатын қайшылықтардың жігін жатқызып, келістіру процесі арқылы қол жеткізуге болады деп есептейді, бұл органдардың ешқайсысының да авторитарлық-абсолюттік жағдайға ие болмауы үшін қажет, олардың ешқайсысына да барлық мемлекеттік билік толығымен қолына тимеуі тиіс. Сонымен бірге, ол қисын (логика) және құқықтық мемлекет тұрғысынан заң шығарушы билік дегенмен, бірінші орынға шығуы керек, үстем, жоғары дәрежеде болуы тиіс деген қорытындыға келеді [2, 29 б.].

Биліктерді бөлісу мемлекеттік-құқықтық құрылыс тәжірибесінің шынайы шындығы болып келе жатқаны айдан анық болғандықтан, бұл жерде Б.М. Лазаревтің және Ю.А. Тихомировтың ұстанған жолдарына қандай да бір қарсы дәлелдер келтірудің қажеті жоқ. В.С. Нерсисянның тұжырымдамасы бойынша және шын мәнінде соған тендес, үндес С.С. Алексеевтің ұстанған жолы бойынша өз пайымдауларымызды ортаға салайық [3, 48 б.].

Бірінші, В.С. Нерсисян тұжырымдамасында бірден көңіл аударарлық мәселе - оның ішкі қисындылық қарама-қайшылығы. Бір жағынан, В.С. Нерсисян үш биліктің ішінде жоғарғы өкілдік мекеме үстем болғанын, нағыз атқарушы биліктің (үкіметтік және жалпы алғанда барлық атқарушы және жарлықшы билік) өкілдік органдар арқылы құрылғанын, заң шығарушы биліктің бақылауында болып, соған есеп бергенін, заңдар негізінде, солардың шеңберінде және соларды орындау үшін әрекет еткенін қолдайды. Екінші жағынан, ол биліктерді бөлісу дегенге олардың әрқайсысының өз өкілеттіктерін ұстап қалу және сонымен қатар, өзінің басқа биліктерден тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы өзара әрекет етуінің, өзара іркілулері мен қайшылықтарының ұйымдастырушылық-құқықтық механизмі енеді деп пайымдайды.

Алайда егер атқарушы билік, заң шығарушы билік арқылы құрылса, оның бақылауында болып, оған есеп берсе, заңдар негізінде, солардың шеңберінде және соларды орындау үшін әрекет етсе, онда бұл жерде биліктердің қандай іркілулері мен қайшылықтары туралы, атқарушы биліктің заң шығарушы биліктен тәуелсіздігі туралы сөз болуы мүмкін? Егер заң шығарушы билік үстем болса, онда биліктің барлық басқа тармақтары соған, тек қана соған бағынуы тиіс, басқа биліктердің дербестігі (тіпті жанама болса да) жайлы ешқандай сөз болуы мүмкін емес. Егер, атқарушы билік аз ғана дербестікке ие болса да, онда қисындылық тұрғысынан заң шығарушы билік барлық жағдайда үстем болып, биліктің басқа тармақтарынан жоғары тұра алмайды.

Егер атқарушы билік заң шығарушы биліктің бақылауында болып, оған есеп берсе, қалайша оны тежеп, өзінің өкілеттігін ұстап тұрады?

В.С. Нерсесянц заң шығарушы билік халықтың егемендігін білдіруші және оның үстемдігін талап ету халықтық егемендік принципінен туындайды, сондықтан ол халықтың еркін білдіруші ретінде басқа биліктердің ұйымдастырылуын анықтайды дегенді айтады. Солай дей тұра, «мемлекеттің егемендігі өзінің неғұрлым тендес, пар-пар ұйымдастырылуын бөлінген биліктердің жүйелі бірлігінен табады» - деп жазады. Алайда, егер заң шығарушы билік, халықтық егемендікті білдіруші болып, сондықтан да барынша толық көлемде мемлекеттік егемендікке ие болса, онда биліктерді бөлісудің қажеті қанша? Биліктің басқа тармақтары халықтың егемендігін білдірмейді және соны білдіруші - заң шығарушы билікке бағынады ғой. Ал егер барлығы біртұтас, дегенмен де бөлінген биліктер мемлекеттік, яғни халықтық егемендікті (өйткені мемлекет өз егемендігін халықтың егемендігінен алады ғой) неғұрлым толық білдіретін болса, онда тек заң шығарушы билік қана емес, биліктің барлық басқа тармақтары да, сонымен қатар, халықтың егемендігін білдіреді. Осылайша, заң шығарушы билік басқа биліктерден жоғары, үстем бола алмайды, өйткені халықтың егемендігін тек ол ғана білдірмейді ғой. Біздің ойымызша, «өзінің ішкі қисынына сай биліктерді бөлісу теориясы өкілдік мекемелердің үстемдігін жариялаған емес», - деген Ю.П. Урьястың пікірімен келісуге болады [4, 53 б.]. Қайнар көзі өкілдік мекемелер болып табылатын мемлекеттік биліктердің біртұтастығы идеясы бұл теорияға жат.

Жалпы алғанда, биліктерді бөлісу тек бір өзі халықтың егемендігін білдіретін, жоғарғы билікті іске асыратын, сондықтан да толыққанды билік болып табылатын заң шығарушы билік басым болғанда ғана мүмкін, ал атқарушы билікке заң шығарушы биліктің қолбаласы рөлі ғана бөлінеді деген пікір керемет жаңалық емес. Кезінде ежелгі ойшылдар, көбінде - Аристотель мемлекет функцияларын іске асыру бойынша еңбекті ұтымды бөлісу туралы пікірлер айтқан болатын. Аристотельдің пайымдауынша, мемлекетте негіз құраушы элемент «заңды-кеңесушілік» («законосовещательный») орган болуы тиіс. Ол заң бәріне үстемдік құруы тиіс деп баса атап көрсетті. Осыдан келіп, үкімет органы (яғни, басқару) заңға бағынышты болуы тиіс, магистрлер (үкімет билеушілері) шығарған ешқандай да декреттің заңмен ортақ сипаты жоқ, тек заң бойынша реттелген мәселелерді ғана толықтырады деген ой туындайды [5, 278 б.].

Ж.Ж. Руссо қалыптастырған заң шығарушы биліктің үстемдігі, басымдығы туралы доктрина толық көлемде романдық-германдық құқықтық жүйедегі мемлекеттердің ешқайсысында да жүзеге аспады. Оны Ұлы Француз төңкерісі кезінде Францияда жүзеге асырмақ болған талпыныс қанды бейбастақтықпен аяқталды. Кеңестердің толыққанды билігі туралы лениндік тұжырымдама да жүзеге аспады, ол негізінен барша халықтың еркін (егемендігін) білдіруші Кеңестер туралы руссолық пайымдауларды сөзбе-сөз қайталайтын. Ол партияның диктатурасына әкеліп соқты.

Америка Құрама Штаттарында Дж. Локктың биліктерді бөлісуде заң шығарушы биліктің басқа биліктердің бәрінен басымдығын тоқтатып тастай алатын жоғарғы заң шығарушы органдар жақтан да бақылауға алынады.

Атқарушы биліктің жоғарғы органдарының құқықтық әрекет ету аясына енетін, бірақ, сөзсіз, жоғарғы заң шығарушы органның да, атқарушы биліктің де қарауына жатпайтын қоғамдық қатынастарды реттеу үшін шығаратын актілері. Мұндай актілер конституциялық-құқықтық бақылау органдары (сот) тарапынан бақылауға алынады. Олар құқықтық сипатта болып, мемлекеттің Конституциясына сәйкес шығарылуы тиіс

Міне, осылайша біз негізгі проблемаға - түпкілікті адам құқықтарын және жеке бастың ар-намысы мен абыройын көпшілік санкциялаған мемлекеттің бейбастық

бассыздықтарынан және көпшілік өктемдіктерден қалайша қорғауға болады деген сауалға душар боламыз? Бұл сауалға өте-мөте-маңызды және барынша жиі қайталанатын жауап жеке бастың негізгі бостандығына конституциялық кепілдіктер беру болып табылады. Сондай мысалдардың арасында 1215 жылғы Англиядағы Еркіндіктің Ұлы хартиясы бар десек, асыра айтпағандық болар еді, өйткені барондар – шұбар төс шонжарлар небір қиыншылықтарды жеңе отырып, қасарысып қарсылық білдірген Джон патшаның бірқатар құқықтар беремін деген уәдесін алды. Солардың ішіне төмендегі қағида да «Заң үстемдігінің принципін іске асырған кезде мемлекет заңдар мен басқа да нормативтік-заңдық актілерді жүзеге асыру үшін бақылау мен қадағалаудың тиімді формаларын ойластырғаны жөн.

Қорыта айтқанда:-заң үстемдігі мемлекеттің барлық органдарына, қоғамдық ұйымдарға және мекемелерге, мемлекеттік аппараттың қызметкерлеріне, барлық азаматтарға өзінің күшін жаппай таратқанда көрініс табады.

Құқықтық мемлекет орнату үшін тек әлеуметтік құрылымдағы құқықтар мен заңдардың үстемдігі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік биліктің өзіндегі жүйелерді тап-тиянақтай етіп ұйымдастыру да қажет. Осынау екі аспекті де бір-бірімен тығыз байланысты, бірінсіз екіншісінің өмір сүруі мүмкін емес. Заңның үстемдігі принципіннің өзі абстрактілі құқықтық ұғым ретінде конституциялық нормалар мен негіздемелер жүйесіне айнала отырып, онтологиялық-құқықтық мағына алады. Мұны нақты іске асырмай, мемлекеттік биліктің жүйе ретінде қызмет етуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Жүйелі тәсілдің принципі кіріктіруші құқықтық кеңістік болуді талап етеді, бұл кеңістік аумағында абстрактілі байланыстар мен қатынастар қатаң нормативті қаңқаға ие болады. Бұл қаңқаны құрастыруда жетекші рөлді конституциялық нормалар орындайды.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.Гегель. Работы разных лет. – М., 1980. - Т. 2. – 451 с.
- 2.Гачек Ю. Социалистическое правовое государство: концепция и пути реализации. - М., 1989. – 294 м.
- 3.Лазарев Б.М. Государственное управление на этапе перестройки. - М., 1988. – 318 с
- 4.Урьяс Ю.П. Традиция и современность в буржуазной теории государства / Проблемы буржуазной государственности и политико-правовая идеология. – СПб., 1990. - 412 с.
- 5.Аристотель. Саясат / Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. Аристотель философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.3. –535 б.

#### Резюме

В этой статье верховенство права рассматривается в качестве ключевого критерия установления демократического правления, признается в качестве основного символа верховенства права и определяется как важный аспект демократического правления.

#### Summary

This article considers the rule of law as a key criterion for the establishment of democratic governance, is recognized as the main symbol of the rule of law, and is defined as an important aspect of democratic governance.



**Ахмет А.А.**  
**магистрант 2-го курса**  
**ЕЮА им. Д.А. Кунаева**  
**научный руководитель:**  
**к.ю.н., доцент Эбділла Д.Ә.**

## **ПОНЯТИЕ РЕАЛИЗАЦИИ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫХ НОРМ**

Существенной проблемой деятельности различных международных организаций с точки зрения ее эффективности, является проблема реализации норм во внутригосударственной сфере государств-участников, поскольку степень эффективности международно-правовых норм в решающей мере зависит от уровня их реализации. Также эффективность нормы международного права во многом зависима от добросовестного выполнения государствами взятых обязательств, направленных на достижение правовых, социальных результатов.

**Ключевые слова:** Реализация, международный договор, норма, государство, субъект, имплементация, трансформация, инкорпорация.

Заключение между государствами все большего количества договоров и стремление обеспечить реализацию международных обязательств обуславливают рост взаимозависимости государств. Государства, выполняя значительное количество международных обязательств, в своей практике неизбежно сталкиваются с рядом вопросов, связанных с реализацией норм международных договоров и разработкой более совершенных механизмов обеспечения их выполнения.

Степень эффективности международно-правовых норм в решающей мере зависит от уровня их реализации.

В международно-правовой литературе под реализацией норм международного права понимаются «действия, деятельность его субъектов» [1, с.82], «воплощение норм международного права в поведении, деятельности государств и других субъектов, ... практическое осуществление нормативных предписаний» [2, с.174].

Такая форма реализации права, как осуществление, в современном государстве должна приобретать весомую роль. Данная форма реализации активна по своему характеру, выражается в осуществлении возможностей, вытекающих из дозволений [3, с.48].

Международно-правовые нормы реализуются посредством совместных действий всех или нескольких государств и посредством индивидуальных действий каждого государства в рамках договорных обязательств. Совместные действия государств, воплощая согласительную природу международного права в правоприменительном процессе, облакаются в различные организационно-правовые формы – консультации, комиссии, комитеты и т.д. Индивидуальные действия государств должны быть равнозначными, чтобы обеспечить надлежащее исполнение договорных положений.

Кроме того, согласно общей теории права нормы права могут эффективно выполнять свои регулятивные функции тогда, когда его предписания толкуются и выполняются единообразно всеми субъектами права. Такое единообразие необходимо для обеспечения единства и стабильности правопорядка, в котором эти нормы функционируют. Это общеправовое требование единообразия применения норм объективного права распространяется также и на область международного права.

Единообразие в применении международно-правовых норм – это часть более общей проблемы – единообразного правового решения [4, с.81]. В его основе лежит принцип равенства – международное право и его принципы и нормы должны применяться одинаково ко всем государствам. Как правило, в конечном счете межгосударственные решения по различным глобальным проблемам, отмечает Ю.Г. Барсегов, в той или иной мере концентрированно выражаются в нормах международного права [5, с.84].

Немаловажной особенностью функционирования механизма международно-правового регулирования является его разделение на стадии реализации правовых норм на две подсистемы – международную и внутригосударственную. При этом в современном мире внутригосударственные отношения могут оказывать и оказывают значительное влияние на состояние межгосударственных отношений. Следовательно, в процессе осуществления норм международного права заметное влияние оказывает национальное право. Например, решение экологических проблем в международном масштабе может быть эффективным лишь в том случае, если государства в своих внутренних отношениях соблюдают определенные стандарты в области охраны окружающей среды.

Как правило, нормы международного права адресованы исключительно субъектам международных публично-властных отношений, то есть государствам как таковым. Нормы международного права во внутригосударственной сфере осуществляются либо опосредованно, через государственные органы и национальное право, либо непосредственно, если его нормы являются самоисполнимыми, т.е. обладают прямым действием. Отдельные субъекты права (индивиды, юридические лица, государственные органы) непосредственно международно-правовым нормам не подчиняются. Поэтому международно-правовое регулирование отношений с участием субъектов национального права носит не непосредственный, а опосредованный характер, а роль опосредующего звена здесь играет внутригосударственное законодательство. Иными словами, государство, принимая на себя какое-либо международное обязательство, само должно обеспечить его фактическую реализацию своими органами, гражданами и юридическими лицами. Для этого государство принимает определенную систему мер - имплементацию.

Фактическая реализация норм международного права на территории государств осуществляется путем их трансформации в нормы внутригосударственного права и определяется как имплементация международного права. Фактически, имплементация означает включение международно-правовых норм в национальную правовую систему.

Наибольшее распространение получили следующие способы имплементации: трансформация, инкорпорация, отсылка, адаптация, рецепция. Указанные способы согласования внутригосударственного и международного права зависят от права конкретного государства. При этом государства могут договориться об использовании определенных способов согласования. Но сущность этого процесса всегда одинакова: приведение государством своего внутреннего права в соответствие с международным с целью обеспечения выполнения предписаний, дозволений и запретов, установленных последним. В юридической литературе наименование указанного процесса вызывает значительные разногласия. Так, например, широко используемый термин "трансформация" иногда употребляется в качестве одного из способов согласования международного и внутригосударственного права.

Таким образом, реализация норм международных договоров предполагает действительное и юридически значимое поведение субъектов, их позитивную деятельность. Понятие реализации охватывает определенный процесс, систему средств

и мер, направленных на претворение в жизнь, достижение целей, закрепленных в норме права. Можно заключить, что сущность реализации международно-правовых норм состоит в достижении государствами с помощью правовых норм политических, экономических, научных, культурных и иных целей в процессе международных отношений.

#### **Список литературы:**

- 1.Черниченко С.В. Объективные границы международного права и соотношение международного и внутригосударственного права //СЕМП-1984. –М., 1986. – С.82.
- 2.Международное право: Учебник для вузов /Отв. ред. Г.В. Игнатенко и О.И. Тиунов. – М., 1999. – С.174.
- 3.Енин Р.В. Теоретические проблемы реализации права в условиях формирования правового государства в РК //Сб. материалов республиканской научно-теоретической конференции, посвященной 70-летию академика М.Т. Баймаханова. – Алматы: ТОО «Изд-во Норма-К», 2004. - С. 48.
- 4.Тихомиров Ю.А. Национальное законодательство и международное право: параллели и сближения //Московский журнал международного права. -1993. - №3. – С.81.
- 5.Барсегов Ю.Г. Международно-правовые аспекты глобальных проблем современности //Советское государство и право. - 1983. - №6. – С.84.

#### **Түйіндеме**

Берілген мақалада автормен халықаралық шарттар нормаларын жүзеге асыру түсінігі қарастырылды, Аталмыш саладағы қайнар көздермен, беделді ғалымдардың ой пікірлері сараланған.

#### **Summary**

In this article, the author considers the concept of implementation of the norms of international treaties. Analyzed sources and opinions of reputable scientists in this field.

**Дүйсен Ж.Ә.**  
**Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық**  
**заң академиясының 1-курс магистранты**  
**Ғылыми жетекші:**  
**з.ғ.к., профессор**  
**Қазақева С.С.**

### **АҚПАРАТТЫ ЖАСЫРЫН АЛУДЫҢ АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫН ЗАҢСЫЗ ДАЙЫНДАУ, ЖАСАУ, ИЕМДЕНУ, ӨТКІЗУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Мақалада автор ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы қазақстандық заңнаманы талдайды. Егер оның әрекеттерінде ақпаратты заңсыз жинауға байланысты мақсат болмаса, ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар белгілері бар заттарды сатып алу жөніндегі адамның іс-әрекеттерін қылмыстық сипаттан арылту ұсынылады.

**Кілт сөздер:** Ғылыми-техникалық құралдар, құқық бұзушылықтар профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстылықпен күрес, телефон келіссөз құпиясы, пошталық құпиясы, телеграфтық және басқа да хабарлама құпиясы және үйге қол сұғылмаушылық құқықтары туралы ақпаратты заңсыз жолмен алу.

Жаһандану бүкіл әлемді ең жаңа озық технологиялар мен ақпараттық кеңістік арқылы қаржы-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени байланыстардың ашық жүйесіне тартуды білдіреді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен қарқынды жүріп жатқан әлемдік жаһандану үдерісі кез-келген өнеркәсібі дамыған елдерді бағындырып алу қаупі бар. Дамушы елдердің қатарына жататын Қазақстанның жаһандану үдерісіне ілесу жағдайында қоғамның түгелге дерлік салалары үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету өзекті болып табылады.

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүруде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындатуда» - деп 2014 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында атап өткендей бүгінгі таңда қоғамымызда жаңа сындар, қатерлер, қылмыстар көрініс таба бастады [1].

Қылмыстық құқықтың қазіргі жай – күйін бағалай отырып, тұтас алғанда оны серпінді дамыту қамтамасыз етілді деуге болады. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс – қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық –құқықтық қорғаудың жеткілікті пәрменді құралы, деп еліміздің 2010 – 2020 жылдарға арналған қылмыстық құқықтық саясат тұжырымдамасында айтылғандай, қоланыстағы қылмыстық заңнаманың міндеті азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүдделеріне қандай да болмасын қол сұғылған жағдайда оны оларды қорғау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғары құндылық ретінде адам құқықтары мен бостандықтары танылған (1 бап). Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бабы 1 бөлігіне сәйкес, әр бір адам жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасылық құпияларының болуына, және өзінің арнамысы мен қадір қасиетінің қорғалуына құқылы. Жоғарыда көрсетілгендерді қамтамасыз ету барысында басқа да жеке құқықтар бекітіледі, яғни хат жазысу құпиясы, телефон келіссөз құпиясы, пошталық құпиясы, телеграфтық және басқа да хабарлама құпиясы және үйге қол сұғылмаушылық құқықтары және т.б. [2]. Сонымен бірге анықталғаны тұлғаның келісімісіз оның жеке өмірі туралы ақпараттарды заңсыз алу, сақтау, пайдалану және таратуға тиым салынған, қылмыстық жауаптылық көзделген.

Көрсетілген тектік конституциялық ережелерге сәйкес, хат жазысу құпиясы, телефон келіссөз құпиясы, пошталық құпиясы, телеграфтық және басқа да хабарлама құпиясы және үйге қол сұғылмаушылық құқықтары туралы ақпаратты заңсыз жолмен алуға тиым салынған. Яғни әр бір адамның конституциялық құқықтарын жүзеге асыру, жеке өмірге және отбасылық құпиясын, хат жазысу құпиясын, телефон келіссөз құпиясын, пошталық құпиясын, телеграфтық және басқа да хабарлама құпиясын және үйге қол сұғылмаушылық құқықтарын тек қана заңда көзделген тәртіппен ғана жүзеге асырады [2].

Жалпы қылмыстылықпен күресу үшін кең ауқымды жалпы мемлекет деңгейіндегі шаралар қажет, биліктегі барлық мемлекеттік салалардың қатысуымен жүргізілетін біртекті бағдарламаларды құру және оны жүзеге асыру, бастысы құқық қорғау және арнайы органдарының белсенді қызметін іске асыру, сонымен бірге жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін әр түрлі дағдылары бар ұйымдардың қызметтерін пайдалану.

Адам мен азаматтың құқықтарын қорғайтын конституциялық құқықтары мен бостандықтары қолданыстағы қылмыстық заңда 16 тарауда орналасқан «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар», 399 бап «Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдалану» [3].

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 399 бабының мазмұнын талдау шегінде «ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы құралдар». Арнайы техникалық құралдар дегеніміз – бұл кез келген жазысу ақпаратты, телефон келіссөздер ақпараттарын, телеграфтық және басқа да ақпараттарды заңсыз жолмен алуға арналған кез келген техникалық құралдар. Оларға жататындар мысалы: адам мен тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтірмейтін және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін техникалық құралдар.

Қолданыстағы қылмыстық заңдағы осы бапты талдай отырып, анық көре алатынымыз яғни арнайы техникалық құралды пайдаланумен құқыққа қайшы әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық көзделген, ақпаратты жасырын алуға арналған. Сонымен қатар бұл бап ақпараттық жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымына (заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу, пайдалану) тиым салу үшін арналған, яғни мұндай арнайы техникалық құралдарды тек қана рұқсаты бар мекемелер мен ұйымдар және құзыреті бар тұлғалар ғана пайдалана алады.

Осы қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі яғни заңмен бекітілген осындай арнайы техникалық құралдардың заңды айналымы. Осы бапты саралау үшін ең маңыздысы ол қылмыстың заты – ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар [4].

Қылмыстың объективті жағы төмендегідей әрекеттерді іске асырумен сипатталады: арнайы техникалық құралдарды өндіру (жасау), өткізу (сату, сатып алу, сыйлау, алмастыру және т.б.), иемдену (алмастыру, ұрлау және т.б.). Қылмыс құрылысы бойынша формальді қылмыс құрамына жатады, яғни баптың диспозициясында көзделген әрекеттердің біреуінің болуы қылмыстың аяқталғанын сипаттайды. Сонымен бірге бапты талығымен талдай отырып анықтауға жататын мән-жайлардың бірі ол арнайы техникалық сараптаманы жүргізу қажеттілігі. Арнайы техникалық құралдарды өндіру дегеніміз кез келген әдіс тәсілмен жоғарыда көрсетілген арнайы техникалық құралдарды өндіру. Арнайы техникалық құралдарды өткізу дегеніміз, оларды сату, сыйлау, және басқа да өткізу әдістері. Иемдену дегеніміз яғни арнайы техникалық құралдарды қайтару шартымен немесе қайтарымсыз тұрғыда алу [4].

Қылмыстың субъективті жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады және осындай арнайы техникалық құралдарды алу кезінде оны ары қарай пайдакүнемдік мақсатта өткізумен сипатталады.

Қылмыс тек қана тікелей қасақаналықпен жасалады себебі диспозицияда көрсетілген әрекеттердің кез келгені яғни арнайы техникалық құралдарды дайындау, жасау, иемдену, өткізу әрекеттері заңсыз жолмен іске асырылуы тиіс. Қылмыс субъектісі есі дұрыс 16 жасқа толған жеке тұлға.

Ақпаратты жасырын түрде алуға арналған арнайы техникалық құралдар, яғни кеден аумағына кіргізу немесе кеден одағы аумағынан шығару амалдары заңды тұрғыда шектелген:

1. Акустикалық ақпаратты жасырын алуға және тіркеуге арналған арнайы техникалық құралдар:

а) акустикалық ақпаратты жасырын алуға және тіркеуге арналған сымдық байланыс жүйелері;

б) акустикалық ақпаратты жасырын алуға және тіркеуге арналған радиоэлектронды құрылғылар;

в) акустикалық ақпаратты жасырын алуға және тіркеуге арналған арнайы электронды құралдар.

2. Бейне ақпараттарды және сырттай қарауға және тіркеуге арналған арнайы техникалық құралдар;

а) тасымалдауға бейімделген кіру объективтері;

б) жасырынған белгілері бар фотокамералары.

3. Телефон келіссөздерді жасырын тыңдауға арналған арнайы техникалық құралдар;

а) телефон келіссөздерді жасырын тыңдауға арналған сымдық байланыс жүйелері;

б) телефон келіссөздерді жасырын тыңдауға арналған радиоэлектрондық құрылғылар;

в) телефон келіссөздерді туралы жасырын алынған ақпараттарды жасырын тіркеу үшін арналған электрондық құралдар.

4. Пошталық хабарламалар мен жолдауларды жасырын бақылауға арналған арнайы техникалық құралдар.

5. Заттар мен құжаттарды жасырын түрде зерттейтін арнайы техникалық құралдар, сонымен қатар тасымалданатын кіші көлемді рентгендік, рентгендік теледидарлық және рентгендік графикалық құралдар.

6. Қоймалармен көлік заттарын және басқа да объектілерді зерттеуге арналған жасырын кіруге бейімделген арнайы техникалық құралдар.

7. Көлік құралдарының және басқа да объектілердің қозғалысын қадағалауға арналған арнайы техникалық құралдар.

8. Радио бақылау мен пеленгацияға арналған арнайы техникалық құралдар.

9. Ақпараттың техникалық жолдармен өтіп кетуін анықтайтын арнайы техникалық құралдар.

10. Тұлғаның идентификациялық ерекшелігін анықтауға арналған арнайы техникалық құралдар. Сонымен бірге қазіргі таңда заманауи жағдайда әртүрлі техникалық құралдардың дамуына сәйкес, ақпаратты жасырын алуға арналған техникалық құралдардың жасырынуы да дамып келеді. Көптеген адам мен қоғам орталықтарында қолданатын күнделікті үй тұрмыстық заттар ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар және құрылғылар ретінде жасалған (қаламсаптар, көлік құралдарын басқаратын пулттер, брелок ретіндегі көліктік дабыл қақтығыштар), яғни мұндай арнайы ақпараттық құралдар акустикалық ақпаратты жасырын алу және тіркеуге арналған фото камералары, сырттай бақылау және құжаттандыру мүмкіндіктері бар (олардың көмегімен көріністік және дыбыстық ақпараттарды алып, компьютерлік файл ретінде және фото түсірілім ретінде тіркеуге болады), құрамына бейне камерасы бекітілген көз ілдіргіштер, бейне камераларды құрастыру, өрт-күзеттік дабыл қақтығышқа бекітілген бейне камералар, дыбыс колонкасына бекітілген бейне камералар және т.б.

Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын жеке кәсіпкерлермен және кәсіптік қызметтерді атқаратын заңды тұлғалармен сату мақсатында оларды өндіру, өңдеу, өткізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған рұқсат алынады.

Кез келген техникалық құралдар немесе құрылғылар арнайы техникалық құралдарға немесе құрылғыларға жататынын тек қана сот, срапшының қорытындысына сәйкес және алынған техникалық құралды пайдаланудың дәрежесіне қарай анықтайды.

Арнайы техникалық құралдардың негізгі белгілері:

1. Ақпаратты жасырын алуға арналған құралдар;
2. Жасырын ақпаратты алуға арналған техникалық құралдар;
3. Арнайы құрал – бұл тек қана ақпаратты жасырын алуға арналған бір мақсатта істелетін әрекеттер.

«Арнайы» термин дегеніміз ақпаратты жасырын түрде алуға арналған және ақпаратты талдауға арналған бағдарламалық немесе жүйелік құралдарды тануымыз қажет.

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты, ақпараттарды жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың жаңа түрлері де пайда болу үстінде. Мұндай құралдар кішігірім, оңай тасымалданатын, жасырылған және дамыған болып келеді.

Арнайы техникалық құралдарды пайдалану ақпаратты алу процессін, жеке өмірдің құпияларына қол жеткізуді жеңілдетеді, сондықтан жоғарыда көрсетілген мән-жай сараланған белгісі ретінде қарастырылады. Ақпарат адам, қоғам және мемлекет өміріндегі басты ресурс ретінде қарастырылады.

Ақпараттарды жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын іске асыру мақсатында әзірлеу, өндіру, іске асыру және алу бойынша қызмет лицензияланатын болып табылады. «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28 бабына сәйкес, қызметтің жекелеген түрлері немесе әрекеттер (жұмыстар),

соның ішінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар аясында лицензиялауға жатады. Дәл осы рұқсат пен лицензия беру, мемлекеттік органдардың бақылау қызметінің бір көрінісі болып табылады және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекет пен оның қорғаныс қауіпсіздігіне зиян келтірмеу мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан өзін құқықтық мемлекет ретінде құру жолында, Конституцияда жеке өмірге, жазысқан хаттарына, телефон арқылы сөйлескен сөздеріне, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларына қол сұғылмаушылықты бекітіп алды. Сонымен қатар тұлғаның рұқсатынсыз оның жеке өмірі туралы ақпараттарды сақтауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді. Тиісінше, осы құқықтардың бұзылуы арқылы кездесетін ақпараттарды жинауға тыйым салынады [1]. Конституцияда бекітілген азаматтардың құқықтары, басқа нормативтік-құқықтық актілермен бірге, 399 б. «Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдалану» көрініс тапқан Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамаларымен қорғалады [3].

Аталған бапта көрсетілген құқыққа қайшы іс-әрекетті дұрыс дәрежелі үшін ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарға зерттеу тағайындап, жүргізу керек және зерттеу барысында, ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдар түрлерінің тізіміндегі талаптарға сәйкестігін, оның қай түрі әкелу мен әкетуге рұқсат берілгенін және лицензияланатынын анықтау қажет.

В.Т. Батычконың пікірі бойынша, арнайы техникалық құралдар дегеніміз – ол азаматтардың жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф және өзге де хабарламалар арқылы хат жазысулар жөнінде ақпараттар алуға болатын, тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірмейтін, кез-келген техникалық құралдар мен аспаптар болып табылады [5, 52 б].

«Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «арнайы техникалық құралдар – ол жасырын түрде тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру қызметін жүргізу барысында ақпараттарды табу мен құжаттау үшін арнайы атқаратын міндеті, бағдарламалық қамсыздандыру мен конструктивті ерекшеліктері бар құрылғылар, аппаратуралар, аспаптар, жабдықтар [5, 15 б].

Қазақстан Республикасы ҚК 399 бабнда көрсетілген қоғамдық қауіптілік, арнайы техникалық құралдардың белгіленген тәртібіне қол сұғушылықтан тұрады және Конституциямен кепілдік етілген жоғарыда аталған құқықтардың бұзылуы болып танылады [3].

Объектісі болып, мемлекеттік органдардың қалыпты қызметі жатады. Қызметтік және (немесе) қоғамдық қызметтен тыс, сондай-ақ дербес деректер туралы заңнамалардың бұзылуы мен оларды қорғаудағы қоғамдық қатынастар аясындағы жеке өмірге, өзінің және отбасының құпиясына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына қол сұғушылықтан сақтау үшін Конституциялық құқық қосымша объекті ретінде рөл атқарады. Ақпараттарды жасырын алудың арнайы техникалық құралдары арқылы алынған дербес және өзге де мәліметтерді қайта өңдеу мен заңсыз жинау, адамның жеке өміріне қолсұғушылық, ол жәбірленушінің кәсіби міндетінің жүзеге асуына, оның іскерлік мән-сабына, отбасылық өміріне және т.с.с. кері әсерін тигізуі мүмкін.

Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау деп, құқыққа қайшы келетін техникалық құралдарды дайындау екенін түсінуіміз керек. Ал заңсыз өндіріс – аталған құралдарды заңсыз жолмен құру деген сөз.



Алу – аталған заттарды ақылы, сондай-ақ ақысыз негізде (сатып алу, айырбастау, сыйға алу, кепіл және т.б. жолмен) өзінің иеленуіне, пайдалануына және иелік етуіне алу.

Өткізу – ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарынан айыру, оларды өзге тұлғаға өткізу деп қарастыруға болады. Сонымен қатар, ол ақылы немесе ақысыз сипатта жүзеге асуы мүмкін.

Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз пайдалану – ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын пайдаланудың заңнамалармен бекітілген тәртібін бұзатын құқыққа қайшы әрекеттер.

Ақпаратты жасырын алу үшін арнайы техникалық құралдардың пайдаланылатынын ескере отырып, ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдалануды іске асырған қылмыс субъектісі қоғамға қауіпті салдарының болу мүмкіндігін немесе міндетті түрде болатындығын сезінуі және оның орын алуын қалайтындығын есепке алуымыз қажет. Субъективтік жағы, тиісінше кінәнің қасақана нысанын құрайды. Себебі мен мақсаты қылмысты дәрежелеу кезінде маңызды емес, тек жаза тағайындау кезде ескеріледі.

Қазақстан Республикасы ҚК 399 баптың 2 бөлігін дәрежелеу белгісі ретінде адамдар тобының алдын-ала сөз байласуымен немесе ірі мөлшерде жасалған дәл сол әрекеттерді қарастырады [3].

Қазақстан Республикасы ҚК 31 б. 2 б. сәйкес, құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан екі немесе одан да көп адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. Қазақстан Республикасы ҚК 399 бабындағы Қазақстан Республикасы ҚК 36. (38 т. сәйкес) ірі мөлшер – ол ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарының бес айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны болып табылады [3].

Қазіргі таңда компьютерлік қылмысты болдырмау, ақпараттық технологиялар саласында құқықбұзушылық әрекеттерге төзімсіздік орта қалыптастыру мақсатында студенттер арасында тиімді оқу-тәрбие жұмысын жүргізу өзекті болып табылады. Шынтуайттап келгенде, қазіргі қоғамға өзін-өзі үнемі дамытып отыруға қабілеті бар, рухани құндылықтардың ту ұстаушысы, демократия, гуманизм, мәдениет сияқты жалпыадамзаттық бағалы қасиеттерді бойына сіңірген, халқының тарихы мен салт-дәстүрін білетін, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгерген, өзінің ойы мен істеріне жауап бере алатын, саяси құқықтық мәдениет пен басқарудың нарықтық қағидаттарын жетік меңгерген, жан-жақты, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандар қажет.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтің Қазақстан Халқына «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» жолдауы 2014 жыл 14 қараша – Астана. – 26 б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Өзгертулер және торлықтырулармен 02.02.2011 ж. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. (Қазақстан Республикасы баптарының салыстырмалы кестесі № 226-V 3 шілде 2014 ж және Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі № 167–1 16 шілде 1997 жылғы). – Алматы: НОРМА–К. – 2014.- 240 б.

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме (жалпы және ерекше бөліктер): Түсіндірме. Алматы «Жеті жарғы», 2015. – 954 б.

5. Батычко В.Т. Уголовное право. Общая и особенная части. М., 2006. – 256 с.

#### **Резюме**

В статье автор анализирует казахстанское законодательство, в области специальных технических средств, предназначенных для негласного получения информации. Предлагается декриминализировать действия лица по приобретению предметов, с признаками специальных технических средств, предназначенных для негласного получения информации, если в его действиях отсутствует цель, связанная с незаконным собиранием информации.

#### **Summary**

In the article the author analyzes the Kazakh legislation in the field of special technical means intended for secret information. It is proposed to decriminalize the actions of a person to acquire items, with signs of special technical means designed to secretly obtain information, if his actions do not have a purpose associated with the illegal collection of information.

УДК:343.436(574)

**Мусаева А.Ж.**  
**Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық**  
**заң академиясының 1-курс магистранты**  
**Ғылыми жетекші:**  
**з.ғ.к., профессор**  
**Пакирдинов М.А.**

#### **ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҰҒЫМЫ, ОНЫҢ МАЗМҰНЫ**

Мақалада сотталғандар мен түзеу мекемелеріндегі қызметкерлердің пенитенциарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы айтылған. Қылмыс жасаған адамды соттау ол үшін оның белгілі бір құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін шектеуден немесе олардан айырудан көрінетін теріс салдардың туындауын болжайды.

**Кілт сөздер:** қауіпсіздік, бас бостандығынан айыру, колония, түрме, түзету колониясы, қауіп-қатер, сотталғандар, заңды мүдде, құқықтар, бостандық, сотталғандардың әлеуметтік бейімделуі.

Елбасы Н. Назарбаев бастамасымен жүзеге аса бастаған бес институттық реформа аясындағы «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары Қазақстандағы жаңа құқықтық ортаны қалыптастырады. Десе де, бағдары айқын реформаның табысты орындалуы, ең алдымен, заң үстемдігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты екені сөзсіз. Сондықтан да Ұлт Жоспарында қамтылған қадамдар заң үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ерекше мән беріп, осы бағытта қызмет атқаратын құқық қорғау органдарын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Реформалар аясында қоғамды жаңғыртудың бір қадамы ретінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі пенитенциарлық жүйені дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Ол бойынша Ұлт Жоспарының 34-ші қадамында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолдану тетігі қарастырылған болатын.

Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі ұлттық қауіпсіздіктің қауіп-қатердің алдын-алу бойынша міндеттерді шешуде маңызды орынға ие және қылмыстылыққа қарсы әрекет етуге бағытталған мемлекеттік органдардың құрамдас бөлігі болып табылады. Демек, қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі жағдай, біздің мемлекетіміздегі ұлттық қауіпсіздіктің жалпы жағдайына тікелей ықпал етеді. Қоғам мен тұлғаның мүдделерінің қауіпсіздігін, қылмыстық атқару жүйесінің мекемелеріне барып тұратын тұлғалар мен сотталғандардың қауіпсіздігін, түзету мекемелерінің қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері орындалады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдары, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруға заңды негізде қатысатын азаматтар мен ұйымдар құзыретінің ара-жігі нақты ажыратылған және олардың үйлесімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілген кезде дәйектілікпен іске асырылатын мемлекеттік саясат арқылы қол жеткізіледі [1]. Бас бостандығынан айыру орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін анықтауда, жалпы қауіпсіздік түсінігінен айналып өтуге болмайды.

Бас бостандығынан айыру орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін анықтауда, жалпы қауіпсіздік түсінігінен айналып өтуге болмайды.

Қауіпсіздік – өте күрделі түсінік. Бұл жерде экономикалық, саяси, құқықтық, экологиялық, ақпараттық, әскери және басқа аспектілері бірдей дәрежеде маңызды. Қауіпсіздік түсінігі шегінде алуан түрлілігін анықтау қажеттілігі тек бір мемлекетте ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықта көрініс тауып отыр. Түсінікті қазіргі кездегі болып жатқан әлемдік өзгерістерде іздеу қажет. Адам өркениеті көзді ашып жұмғанша өзгеріп жатыр. Ғылым мен техниканың даму процессі тез жоғарылады, яғни өндірістік негізде өзгереді. Кенет тауар айналымы жоғарылады, қаржы құралдары мен техникалық идеялар ағындары қарқындады. Мұның бәрі қауіпсіздік түсінігіне жаңадан қарауға мүмкіндік береді, оның мазмұнын түсінуге жаңа тәсілдер іздейді [2]. «Қауіпсіздік» термині 800 жыл бұрын жиі қолданыла бастады және кез келген қауіп-қатерден өзін қорғалған деп санаған адамның рухының тыныш жағдайын білдірді. «Қауіпсіздік» мәселесінің өзектілігі XVII – XVIII ғасырларда капиталистік қатынастар қалыптаса бастаған сәтте, көптеген еуропалық мемлекеттер мен АҚШ-та мемлекет өзінің басты мақсаты ретінде жалпы ауқаттылық пен қауіпсіздік деген идеясы жүзеге асқанда нақты болды. Бұл әлем тарихының кезеңінде қауіпсіздік ретінде, нақты физикалық және моральдық қауіп-қатердің болмауы салдарынан пайда болатын тыныштық жағдай және осы жағдайды пайда болуы мен қолдауына көмектесетін ұйымдастырушылық құрылымдар, материалдық, экономикалық және саяси жағдайлар түсіндірілді [3, 396].

Көптеген авторлардың ойларынша, қауіпсіздік және ұлттық қауіпсіздік, оның концепциялары, стратегиялары туралы мәселе жеткілікті деңгейде зерттелмеген ұғымдар санатына жатады. А.А. Прохожев: «қауіпсіздік – мағынасы бәріне түсінікті күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс, алайда, тәжірибеде әркім бұл түсінікті өзінше түсінеді және өзіне ыңғайлы етіп қолданады», - деп жазды [4, 616].

Жалпы мағынада қауіпсіздікті қауіп-қатер төнбейтін, қауіптен қорғанысы бар жағдай ретінде, қауіп-қатердің жоқтығы ретінде, амандық, сенімділік, бейбітшілік жағдайы ретінде сипаттауға болады. Қауіпсіздіктің жалпы түсінігін анықтауда бірыңғай көзқарас жоқ. Мысалы, Розин М. қауіпсіздік қатынастарының айқын сипаты ретінде, олардың қоғамға жоғарғы қауіптілікті көрсетететін объектілерді қолдануымен немесе дүлей апат және басқа да төтенше жағдайларға байланысты пайда болады деген. Туманов Г.А. мен Фризко В.И. қоғамдық қауіпсіздікті қоршаған орта мен адамдардың деусаулығы мен материалдық құндылықтарына қауіп-қатерді жою немесе алдын алу мақсатымен физикалық, техникалық және ұйымдастырушылық нормаларымен реттелінетін, жоғарғы қауіп бар қатынастар жиынтығы деп көрсетеді [5, 866]. Зарубин В.И. және Куринов Е.А. қоғамдық қауіпсіздікті техникалық нормалар мен ережелерді ұстану көзқарасынан ғана емес, көптеген немесе аз адамдардың тәндік тиіспеушілігін және өміріне төнетін қауіпті жоятын қоғамдағы азаматтардың тәртіп ережелерінің жүйесін байланыстырып анықтайды [6, 676].

Қауіпсіздікті түсіну үшін жалпы «қауіпсіздік» термині түсінігінің мазмұны мен болмысына сүйіну қажет. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі бойынша «қауіпсіздік» сөзі «қауіпсіздіктің жоқтығы, сақтаушылық, сенімділікті» білдіреді. Орыс тілінің сөздігі бойынша «қауіпсіздік – біреуге немесе бір нәрсеге қауіп төнбейтін жағдай».

Сонымен «қауіпсіздік» ретінде тыныштық, сенімділік, сақтау және біреудің немесе бір нәрсенің жағынан қауіп-қатердің толықтай болмауы, яғни қауіп-қатердің кез келген түрінің толықтай шығарылуы түсіндіріледі.

Бас бостандығынан айыру орындары туралы айтқанда, біз қылмыстық-атқару жүйесінің түзету мекемелерін түсінеміз.

«Түзеу колониялардағы қауіпсіздік – түзету колония қызметшілерінің өмірі мен денсаулығына тиіспеушілікті, олардың дұрыс еңбегі мен демалысын, сонымен қатар колонияның толық және жекелеген бөлімшілерінің дұрыс қызметін қамтамасыз ету мақсатында осы қатынастарды реттейтін заңи нормалар мен қатынастардың жүйесі», – деп көрсетеді. М.А. Громов мен В.И. Селиверстов: түзету колониялардағы қауіпсіздік ретінде түзету колонияларының қызметіне қатысты қызметшілер, сотталғандар мен басқа да азаматтардың қауіпсіздік жағдайын, олардың өмірі мен денсаулығына тиіспеушілігін, дұрыс еңбек пен демалысын қамтамасыз ету, – деп анықтайды. Генрих Н.В. ойынша, түзету колонияларының қауіпсіздігін анықтауда түзету колониясының құқық тәртібінің жағдайын негізге алу қажет [7, 406]. Құқықтық тәртіп заңмен реттелінетін қоғамдық қатынастардың жағдайы ретінде қарастырылады. Түзету колонияларының қызметіне қатысты ол тәртіп бұзушылармен күресу мен оларға ықпал ету шараларын қолдануды көздейтін әкімшілік пен сотталғандардың құқықтары мен міндеттерін орындаудан тұрады. Түзету мекемесіндегі қауіпсіздік колония қызметшілерінің қорғалуын қамтамасыз етуін, оның қызметтері мен бөлімшелерінің қалыпты қызметін, сонымен қатар сотталғандардың олардың өмірі мен денсаулығына жекелеген тұлғалар тарапынан қол сұғушылықтарынан қорғалуын көрсететін құқықтық тәртіптің бөлімі болып табылады.

Простова В.М. түзеу мекемелерінің алдында тұрған жекелеген міндеттердің ішінде – қылмыстық жазаны атқаруды қамтамасыз ету міндеттерін, өндірістік-шаруашылық

қызметін ұйымдастыруды, түзету мекемесінің қызметінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету, жазаны өтеуден сотталғандардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуді, рецидивті қылмыстарды алдын-алу мен сотталғандарды қайта тәрбиелеу мен түзетуді атап өту қажет [8, 176]. Біздің ойымызша, түзету мекемелерін сипаттағанда қылмыстық-атқару жүйесінің осы объектісінің сотталғандарды оқшаулау мен қорғауды қамтамасыз ету сияқты маңызды қызметін ұмытпау қажет. Қазіргі таңда қылмыстық-атқару жүйесі осыған қажетті барлық құралдарға ие. Бұл қызметті түзету мекемесінің негізгі сыртқы атрибуты – тікенекті сыммен «биік қоршау» бар. Сотталғандар мен басқа тұлғалармен қылмыстарды жасауды алдын алуда, түзету мекемесінің әкімшілігі бас бостандығынан айыру орындарында жедел іздестіру шаралары жүзеге асырылады.

Қылмыстық жазаны өтеу кезінде сотталғандар колония әкімшілігімен еңбекке тартылады. Осы мақсатпен көптеген колонияларда, тергеу оқшаулағышы мен түрмелерде шеберханалар мен жеке цехтар, жеке кәсіпорындар бар. Түзеу мекемелерінде білім алуды ұйымдастыру мақсатында оқу кеңестік бөлімшелер, мектептер, кәсіби оқу орындар қызмет етеді. Медициналық көмек көрсету пен емдеу үшін сотталғандарға медициналық бөлімдер, ауруханалар құрылды.

Осыған байланысты түзету мекемелерінің әртүрлі құқықтық қатынастардың түрлері пайда болады: қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, еңбек және т.б. Аталған құқықтық қатынастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздіктің жекелеген түрлері – қауіпсіздіктің жалпы жүйесіне кіретін экономикалық, ақпараттық, қоғамдық түрлерін атап өту қажет. Түзету мекемесінде жасалынатын нақты құқық бұзушылықтар жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша пайда болатын қатынастарға қастандық жасайды.

Жатқанбаева А.Е. «Адамзаттың өзекті мәселелерінің бірі – қауіпсіздік» және оны қамтамасыз ету қажеттілігі қоғам мен мемлекеттің пайда болуына ең алғашқы себеп болғандығын атап өтті [9, 236].

Пенитенциарлық жүйесінің мекемелеріндегі қауіпсіздіктің түсінігі мен мазмұнын ашқанда, қауіпсіздік түсінігі мен бас бостандығынан айыру орындарында «қоғамдық қауіпсіздік» пен «қоғамдық тәртіп» түсініктерін ұқсастыруға болмайды. Кең мағынадағы бас бостандығынан айыру орындарындағы қауіпсіздікті және қоғамдық қауіпсіздікті бүтінмен оның бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Әр уақыттарда қоғамдық қауіпсіздік түсінігі қоғам мүшелерінің қызметі мен күнделікті өмірдің қауіпсіз жағдайлары ретінде, заң мен басқа да нормативтік актілермен бекітілген қауіптілігі жоғары қайнар көздерді қолдануда алдын алу ережелері мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті қорғауға арналған шаралардың жүйесі азаматтардың демалысы мен еңбек қызметі үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз ету үшін жатақхана ережелері, қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу мен қауіптілігі жоғары қайнар көздермен айналысуда қауіпсіз жағдайлары ретінде түсінілді [10, 346].

Қоғамда қатынастардың нақты бір түрі бар – қоғамдық қауіпсіздік қатынастары, яғни дүлей апат және басқа да төтенше жағдайлардың пайда болуымен немесе қоғамға қауіптілігі жоғары объектілерді қолдануымен байланысты пайда болатын адамдар арасында және адамдар мен қоршаған орта арасындағы арнайы өзара іс қимыл жүйесі. Олар қоғамға қауіптілігі жоғары тұлғаларға қатысты мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыратын және толығымен әлеуметтік жүйенің элементі болып табылатын түзету мекемелерінің қызметі үшін тән. Түзету мекемелері үшін адамдардың, әсіресе осы мекемелердің қызметшілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету өте өзекті мәселе, себебі, олардың қызметі қылмыстық құқық бұзушылықтарды, соның

ішінде жиі зорлық-зомбылық қылмыстарды жасаған тұлғалардан тұратын қоғамдық қауіпті ортада өтеді. Қылмыскер – адам және заң шығарушы бұл туралы ұмытпау қажет. Ерте ме, кеш пе қылмыскерлер бостандыққа шығады және олардың қалай шығатынына, ашулы немесе жоқ, түзетілген немесе түзетіле алмағандығынан көшелер мен үйлердегі тыныштық тәуелді. Егер бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандар кемсітулерге ұшыраса, егер олар адамға тән емес жағдайларда өмір сүрсе, онда олар ашулы боп шығады.

Осыған сәйкес, бірінші жоспарға заңды бұзған тұлғаларға қатысты арнайы құралдарды немесе дене күшін қолдануда қатыгездік мәселесі қойылады. Біз бұл мәселені шешпей, осы жағдайдың болғандығын мойындамағанда, тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін толықтай шеше алмаймыз.

Бұл мақсатпен қоғамның қылмыскерлерге қатыгездік пен зорлықты қолдану мәселесіне қатынасын өзгерту қажет. Қоғам сотталғанның құқықтарын азаматының құқығы ретінде талқыланатын мемлекетте ешқашан кез келген азаматтың құқықтарын қорғау үшін кепілдіктердің пайда болмайтыныдығы туралы түсіну қажет.

Бас бостандығынан айыру ретіндегі қылмыстық жазаларды орындау тәртібін айқындайтын заңнамалық актілерде бас бостандығынан айыру орындарындағы қауіпсіздіктің жалпы түсінігі ашылмайды. Сол себепті қылмыстық-атқару жүйесін жаңғырту және осы бағыттағы реформалар кешенін одан әрі жүзеге асыру саланы халықаралық стандарттарға мейлінше жақындата түсетіні анық. Ұлт Жоспары аясындағы бүгінгі күні Ішкі істер министрлігінде атқарып жатқан шаралар кешені де осындай игі мақсатқа негізделген. Ең ақыры Қазақстан Республикасының Конституциясы мен БҰҰ Конвенцияларында қарастырылған адам құқықтарын, әсіресе бас бостандығынан айырылған санаттағы азаматтардың құқығын қорғау арқылы біз заңды, мемлекет пен қоғамды құрметтейтін азаматтардың мүддесін жоғары деңгейде қорғай алатынымыз анық.

Біздің ойымызша, пенитенциарлық қауіпсіздік қылмыстық жазаны орындаушы мекемелер мен органдар алдында қылмыстық жазаны орындау бойынша міндеттердің мүлтіксіз орындалуын, түзеу мекемелерінде құқықтық тәртіппен заңдылықтың сақталуын, сотталғандарды еңбекке тартуды, сотталғандардың денсаулығын қорғауды, жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, адамның іс әрекетінен, төтенше жағдайлардан, табиғи және техногендік сипаттағы құбылыстардан туындайтын ішкі және сыртқы қауіптерден қылмыстық атқару жүйесіннің өмірлік маңызы бар мүдделерінің, сондай ақ жеке бас (сотталғандардың, қызметшілердің және түзеу мекемелеріне келушілердің) мүдделерінің қорғалу жағдайын қарастырдық.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық жүйе туралы» 2011 жылғы 26 шілдедегі Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

3. Андрусенко Е.А. Понятие хулиганства и меры борьбы с ним: дис.... канд. юрид. наук. – Душанбе, 1993. – 142 с.

4. Прохожев А.А., Преступления против общественной безопасности, общественного порядка и здоровья населения: учебное пособие. – М.: Высшая школа МООП РСФСР, 1992. – 71 с.

5. Туманов Г.А. мен Фризко В.И. Преступления против общественной безопасности и порядка. Советское уголовное право. Часть особенная. – М.: ВЮЗИМО СССР, 1973. – С. 40.

6. Зарубин В.И. Уголовная ответственность за хулиганство: дис.... канд. юрид. наук. – М., 2001. – 191 с.

7. Генрих Н.В. Криминологические аспекты противодействия угрозам экономической безопасности России: дис.... канд. юрид. наук. – М., 2002. – 184 с.

8. Простова В.М. Экономическая безопасность России и проблемы прокурорского надзора: дис.... канд. юрид. наук. – М., 1998. – 209 с.

9. Жатқанбаеваның А.Е. Теоретические проблемы конституционно-правового обеспечения информационной безопасности в Республики Казахстан: дис. ... док. юрид. наук. – Алматы, 2009. – 245 с.

10. Алауханов Е.О. Профилактика преступлений: учебник / соавт. З.С.Зарипов. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 373 с.

### **Резюме**

В статье говорится об обеспечении пенитенциарной безопасности осужденных и сотрудников в исправительных учреждениях. Осуждение лица, совершившего преступление, предполагает наступление для него негативных последствий, которые выражаются в ограничении или лишении его определенных прав, свобод и законных интересов.

### **Summary**

The article deals with the enforcement of prison security, prisoners and staff in correctional institutions. The conviction of a person who has committed a crime involves the occurrence of negative consequences for him, which are expressed in the restriction or deprivation of his certain rights, freedoms and legitimate interests.



**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖУРНАЛЫ**  
**КАЗАХСТАНСКИЙ ЖУРНАЛ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА**  
**KAZAKHSTAN JOURNAL OF INTERNATIONAL LAW**

Научно-теоретический и информационно-практический журнал

**№3-4**  
**(68-69)**

Подписано в печать 04.02.2019г. Формат 60x84 <sup>1/8</sup>.  
Печать цифровая. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 8 Тираж 500 экз. Заказ № 00015.



Адрес типографии:  
г. Алматы, ул. Шарипова 120  
. +7 (707) 214-02-50, +7 (777) 214-02-50  
[almaprintmaster@gmail.com](mailto:almaprintmaster@gmail.com)